

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМ ДЕПАРТАМЕНТІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ДОШКОЛЬНОГО И СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМ. И.АЛТЫНСАРИНА**



**БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА
МЕКТЕП КІТАПХАНАЛАРЫ РЕСУРСТАРЫН ДАМУ
Әдістемелік ұсынымдар**

**РАЗВИТИЕ РЕСУРСОВ ШКОЛЬНЫХ БИБЛИОТЕК
В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
Методические рекомендации**

**Астана
2016**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им.И. Алтынсарина



**БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА
МЕКТЕП КІТАПХАНАЛАРЫ РЕСУРСТАРЫН ДАМУ**

Әдістемелік ұсынымдар

**РАЗВИТИЕ РЕСУРСОВ ШКОЛЬНЫХ БИБЛИОТЕК В РАМКАХ
ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

Методические рекомендации

Астана
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 17 наурыз № 3 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 17 марта 2016 года)

Білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп кітапханалары ресурстарын дамыту бойынша. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.

Развитие ресурсов школьных библиотек в рамках обновления содержания образования. Методические рекомендации. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2016. – 67 с.

Әдістемелік ұсынымда мектеп кітапханалары ресурстарын дамыту мәселелері, оның еліміздің аймақтарындағы қызметі, жаңартылған білім мазмұны контекстінде оның мәселелері мен ахуалы қарастырылған. Заманауи инновациялық кітапханалық технологиялармен жұмыс талдауы, мектеп кітапханасының кадрлық және қордың қамтамасыз ету жағдайы беріліп, мектеп кітапханасы ресурстық базасын жетілдіру бойынша халықаралық алдыңғы қатарлы тәжірибелер негізінде ұсынымдар әзірленген.

Әдістемелік ұсыным білім басқармасы ұйымдарының қызметкерлері, білім беру ұйымдары басшылығы, мектеп мұғалімдері мен кітапханашылары, біліктілікті арттыру институттарының мұғалімдеріне арналған.

В методических рекомендациях рассмотрены вопросы развития ресурсов школьных библиотек, их деятельности в регионах Республики Казахстан, состояние и проблемы в контексте обновления содержания образования. Дан анализ работы с современными инновационными библиотечными технологиями, состоянию кадрового и фондового обеспечения, разработаны рекомендации на основе международного передового опыта по развитию и совершенствованию ресурсной базы школьных библиотек.

Методические рекомендации предназначены для представителей органов управления образованием, руководителей организаций образования, институтов повышения квалификации учителей, библиотекарям и учителям школ.

© Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық
білім академиясы, 2016

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2016

Кіріспе

Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясында «Жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деп атап көрсеткен[1].

Қазіргі жағдайда мектеп өзінің білімі мен мәдениеті деңгейін үнемі көтеруге, өзіне әрі қоғамға пайда келтіруге және үнемі өзгермелі өмірде табысты болуға қабілетті, жоғары өнегелі, шығармашыл, сыни тұрғыда ойлайтын тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамытуы керек[2].

Бүтіндей еліміздің даму стратегиясы және соған сәйкес білім беру жүйесін дамыту стратегиясының негізгі міндеті – білім сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымның дамуы бағытының белгіленген басымдылығы шеңберінде білім беру мазмұнын жаңарту бойынша елеулі жұмыстар жүргізілуде. Жаңартудың негізгі мақсаты, ол – орта білімнің сапасын көтеру.

Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осыған орай еліміздегі бірден-бір рухани қазына ордасы – мектеп кітапханасының алар орны зор. Мектеп кітапханасы бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының ресурстық орталығы. Өскелең ұрпақтың талаптарын қанағаттандыру, рухани байлығы мен жалпы қабілетін дамыту тұрғысында мектеп кітапханасының қосар үлесі бар. Мектеп кітапханасының қызмет аясын кеңейту, қорын пайдалану, соның ішінде мектеп кітапханасы – оқушыға әдебиет таңдау, оқырмандық қызығушылығын кеңейту, мұғалімге кәсіби өсуге көмектесуші, оқуға, дүниені тануға қозғау салушы болып табылады.

Мектеп кітапханасы қазіргі таңдағы жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі. Оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыруға, ақпаратқа қол жеткізуге, соның ішінде өзіне қажетті білімді іріктеп, таңдап алуға үйрету. Ол мектеп оқытушылары мен оқушыларына білімдік орта құру арқылы ақпараттар көзінің мүмкіндіктерін аша отырып, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беруде оқытудың озық технологияларын меңгеру қажеттілігі туып отыр.

Мектеп кітапханасы білім алу және ақпараттарға негізделген, қазіргі қоғам өміріне ойдағыдай қатысу үшін ең маңызды болып табылатын, ақпараттарды алу және идеялармен танысуға мүмкіндік береді. Оқытуға байланысты қызмет көрсетіп, кітаптар мен материалдар, мектеп қоғамдастығының барлық мүшелеріне сыни тұрғыдан ойлауға, дағдылануға мүмкіндік береді және барлық тасымалдағыштар мен әртүрлі форматтағы ақпараттарды қолдануға тиімді болып табылады.

Ақпараттық кеңістікті кеңейту және әлемдік қоғамдастыққа ену, адами

ресурстарды қалыптастырудағы білім берудің рөлін арттыру жағдайында мектеп кітапханасының жүйесін жаңа тәсілдерге бағдарлау маңызды.

Мектептерді жаңа білім беру стандарттарына көшіру, инновациялық, ақпараттық технологияларды енгізу мектеп кітапханаларының білім беру кеңістігінде бірінші орында тұруына мүмкіндік бермей отыр.

Әдістемелікұсынымдаманыңмақсаты – бүгінгі инновациялық процестер кезеңінде мектеп кітапханасына да заман талабына сай жаңаша келбет, жаңаша серпін қалыптастыру. Кітапханашылардың қоғамдық дәрежесін арттыру. Кітапхана ісін қалың оқырман арасына жарнамалау, оқырмандар санын көбейту, жаңартылған білім беру жағдайында мектеп кітапханаларына жаңаша тәсілдерді бағдарлау болып табылады.

Міндеті:

- кітапхананы білім мен жаңа технология үндескен қазіргі заман талабына сай мәдени орталық ретінде қалыптастыру;
- білім беру мекемелерінің ақпараттық білім беру орталығы ретінде кітапхана ресурстарын пайдалануға мүмкіндік беру;
- әлеуметтің оқу-тәрбие процесіндегі барлық қажеттіліктеріне жауап бере алатын білім-мәдени жұмыстарын жаңдандыру;
- мектеп кітапханашыларының рөлін арттыру, білім алушыларды кітап оқуға, оны сүйеге, қастерлеуге баулу.

Аталған әдістемелік ұсынымдарды қолдану мектеп кітапханасын жүргізуге байланысты мәселелерде кітапханашылар, басшылармен педагог қызметкерлердің зейіндерін шоғырландыруға мүмкіндік береді.

1 Білім мазмұнын жаңарту контексіндегі мектеп кітапханалары қызметінің жағдайы мен мәселелері

Мектеп кітапханасы – мектептің мәдени, білім беру және ақпараттық орталығы, балаларды оқуға тартудың бастапқы буыны. Сондықтан да мектеп кітапханаларының материалды-техникалық базасын нығайту, заманауи ақпараттық технологияларымен жабдықтау, қорларды жинақтау сапасы, мектеп кітапханашылардың біліктілігін көтеру т.б. мәселелер бүгінгі таңда әлі де өзекті болып отыр. Мектеп кітапханасы ақпараттар мен жаңа сыни ойлардың ордасы. Қазіргі ақпарат пен білімнен құралған заманда баланың жетіліп, дамуына, қалыптасуына кітапхананың маңызы өте зор. Мектеп кітапханасы үздіксіз өзін-өзі тануға, денсаулығына жауапты және белсенді қарауына үлесін қосып, қалыптасуына жәрдем жасайды. Кітапхананың басқа түрлеріне қарағанда мектеп кітапханасы тек қана оқырмандармен емес, білім алушылардың барлық контингентімен жүйелі және мақсатты түрде жұмыс жасайды, оның мектепте жыл бойы жұмыс жасай алуға мүмкіндігі бар. Балалармен жұмыс жасаудың басты бағыты – білім алушылардың тұлғалық әлеуметтенуі мен дамуы, рухани-адамгершілік мәдениеті, ақпараттық ресурстардың барлық түрлері мен деңгейлерін пайдалануға үйрету, ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, кітапхананы пайдалануға дағдыландыру.

Мектеп кітапханасы оқырман келіп кітап алатын жер ғана емес, ақпараттық, сарапшылық ресурстарын пайдалануға арналған инновациялық орталық. Мектеп кітапханасы ақпараттармен қамтамасыз ету, білім, сауаттылық сонымен қатар, әлеуметтік және мәдени даму, экономикалық салаларда кез келген ұзақ мерзімді стратегияда басты маңызға ие болады. Сондықтан Елбасының жылдағы дәстүрлі Жолдауында мәдениет саласы да ұмыт қалмайды, соның салдарынан кітапхана мәселелесі жыл санап біршама алға жылжып, кітапхана сөрелері жаңа кітаптарға көбейіп, мектеп кітапханасын жетілдіру бойынша халықаралық алдыңғы қатарлы тәжірибелер енгізіліп келеді. Электрондық ресурстарды ұйымдастыру және жинақтау (кітапханаларда интернет пен компьютерлер, дербес интерактивті тақталар (ДИТ), электрондық жеткізгіште ақпараттық ресурстарды өңдеу және іздеу, бағалауға мүмкіндік жасау, ақпараттық-талдау қорларын қалыптастыру мақсатында электрондық каталог және картотека жасау).

Мектеп кітапханаларының материалдық-техникалық базасын нығайту, заманауи ақпарат технологияларымен жабдықталуы, алыс-жақын шет мемлекеттерден анағұрлым артта қалып отырғанымызды көрсетеді. Оқырман сұранысына сай алуан түрлі әдебиеттердің болуы, озық кітапханаға арналған техникалармен жабдықталуы, кітапханалық ақпараттық жүйемен (мысалы КАБИС, ИРБИС, АБИС т.б.) қамтамасыз етілуі-сынды мәселелер толыққанды шешілмеген мектеп кітапханалары бар, бұл мектеп кітапханаларының көпшілігіне тән жағдай. Білім беру ұйымындағы кітапханалардың маңызды рөлі электронды оқулықтар, компьютерлер, ақпараттық технологиялар болып табылады. Онсыз оқушылардың оқуын заманауи үрдісте дамыту мүмкін емес.

Мысалы, Оңтүстік Кореяда кітапхана жүйесі жақсы дамыған, техникалық жабдықталуы жоғары дәрежеде. 1200 балаға бір кітапханашы қызмет көрсетеді. Мектеп кітапханасында оқырманның кітапханамен жұмыс жасауына барлық жағдайлар жасалып, жақсы жабдықталған. Кітапхана білім беру ресурстары – оқулықтардан өзге танымдық, ғылыми-көпшілік, көркем әдебиеттер, электронды онлайн деректер базасымен қамтамасыз етілген. Оқырмандарға электронды қызмет көрсетіледі. Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылады. Елімізде жалпы білім беретін мектептерде мектепалды даярлықпен қоса сыныптың санына байланысты мектеп кітапханасының штаттық бірліктер мөлшері[3] төменде көрсетілген (1-кесте).

1-кесте – Орта білім беру ұйымдары кітапханаларының үлгілік штаттары

Лауазым атаулары	Мектепалды даярлықпен қоса сыныптың санына (сынып-комплект) байланысты штаттық бірліктер мөлшері						
	6 дейін	6-10	11-13	14-16	17-20	21-29	30 жоғары
Кітапхана меңгерушісі	-	-	-	1	1	1	1
Кітапханашы	-	0,5	0,5	-	-	-	1

Мектеп кітапханасының елеулі білім беру рөлі оның орналасуы мен жабдықталуынан (жиһаздар мен құрал-жабдықтары) көрінуі тиіс. Жана және қолданыстағы мектеп ғимараттарын жобалау мен қайта құру барысында мектеп кітапханасын қолдану сипаты мен функциясы ескерілуі аса маңызды.

Мектеп кітапханасын жабдықтау белгісінде қандай да бір бірыңғай көрсеткіштердің мөлшерлік жиынтығы жоқ. Алайда, әрбір жаңа кітапхана барынша мектеп қажеттіліктеріне сәйкес болатындай қандай да бір негізде сметалық шығындарды жоспарлау мүмкін болатындай әлдебір формула қолданудың мағынасы жоқ. Жоспарлау процесінде келесідей сәттерді ескеру керек:

- орналасу орталығы, бірінші қабатта болғаны дұрыс;
- қолжетімділік, яғни барлық оқу зоналарына жақындық;
- шудың ықпалы: ең болмаса кітапхананың бір бөлігі сыртқы шулардан оқшау болуы керек;
- сәйкесінше жеткілікті жарықтандыру (күннің түсуі мен жасанды жарықтандыру);
- жайлы жұмыс жағдайын, сонымен қатар қордың сақталуын қамтамасыз ету үшін жыл бойы ғимаратта тиісті температураның сақталуы;
- жобалық шешім мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ерекше қажеттіліктерін ескеруі керек;
- көркем және басқа да әдебиеттер қорын жайғастыру, мұқаба немесе түптелген кітаптар, газеттер, журналдар мен басылмаған ресурстар, сақтау

орындары, кітап оқу, компьютерлік жұмыс орындары, сонымен қатар көрме орындарына, жұмыс орындары мен тапсырыстарды беру үстелдеріне аумағы едәуір жеткілікті болатындай кең болуы;

- жұмыстың әртүрін жүзеге асыруға және оқу бағдарламалары мен технологияларына өзгерістер енгізу перспективасына мүмкіндік беретін икемділік.

Жаңа кітапхананы жобалау барысында оны мынадай зоналарға мақсатты түрде бөлуге болады:

- анықтама үстелі, каталог, онлайндық жұмыс орны, оқу және ғылыми жұмыс үстелі, анықтамалық материалдар мен негізгі коллекцияларды жайғастыратын жұмыс және зерттеу зоналары;

- үздіксіз білім мен кітапты қызығушылықпен оқу үшін, сауаттылықты дамытуға ықпал ететін кітаптар мен мерзімді басылымдарға арналған бейресми оқырман залы;

- толық сынып, үлкен немесе шағын топтарға ұйымдастырылған сабақтар үшін орындықтарымен оқу зонасы, сонымен қатар көрсету экрандары және оқытудың техникалық құралдарына сәйкес оқу тақтасы;

- сынып, топтар, жеке адамдармен кездесетін және практикалық сабақтар өткізетін, сонымен қатар, мультимедиялық материалдар құрау үшін жабдықтары бар болатын жобалық және өндірістік зоналар;

- әкімшілік зона: абонементтік үстел, жұмыс орындары, мультимедиялық материалдарды өңдейтін және аудиовизуалды және басқа да жабдықтар мен материалдарды сақтауға арналған орындар.

Мектеп кітапханасының мектепке қызмет ету барысындағы жұмыс сапасы, ондағы кеңістіктердің қалай ұйымдастырылғанын айтарлықтай дәрежеде айқындай алады. Эстетикалық оңтайлы ресімделу қонақжайлылық әсері мен кітапханада уақыт өткізу ықыласын тудырады.

Мектеп кітапханасының дұрыс жабдықталуы келесідей көрсеткіштермен сипатталады:

- қауіпсіздік, жақсы жарықтандыру;

- кітапхана пайдаланушылары жұмыс түрлері мен категорияларына сәйкес аумақта берік, мәңгі, функционалды жиһаздарды қолдану;

- кітапхана кеңістігін ұйымдастыру педагогтер мен оқушылардың нақты талаптарына барынша көп дәрежеде сәйкес келеді;

- кітапхана ғимаратын кітапхананың бағдарламасына, мектептің оқу жоспарына, сонымен қатар, жаңа аудио-бейне және ақпараттық технологиялар өзгерістеріне бейімдеуге болады;

- кітапхана кеңістігін ұйымдастыруды дұрыс пайдалану, жабдықтар мен материалдар, техника, жиһаздарының қауіпсіздігі мен мазмұнын қамтамасыз етеді;

- кітапхана жұмысы жақсы ұйымдасқан және түрлі ресурстарды жинауға тең, уақытылы қолжетімділікті беруге бағытталған;

- кітапхана пайдаланушыларға эстетикалық тартымды және оқу мен демалуға көмектеседі; онда көрсеткіш белгілер мен маңдайшалар нақты және

көркем орындалған [4].

Қазіргі заманғы мектеп кітапханасы нормативті-құқықтық актілерді басшылыққа алуы қажет. Яғни кітапхана саласын алдағы уақытта жетілдіру үшін төмендегідей нормативті-құқықтық актілер әзірленетін болады: «Кітапхана және кітапхана ісі туралы» ҚР Заң жобасы, «Қазақстан Республикасындағы кітапхана қоры туралы ереже», «Кітапхана қорының сақталуын қамтамасыз ету жайлы ереже», «Аудандық, облыс деңгейлерінде мәдениетті ұйымдастырудың үлгілік штаттары туралы Ереже», мектеп кітапханасын жабдықтау және жарақтандырудың моделді стандарттары, кітапхана қызметінің моделді стандарты (Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапхана деректерінен <http://nabrk.kz>). Бұл бағытты әзірлеу кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетуді әлеуметтік кепілді қамтамасыз ету мақсатында аралас салалардың құқықтық ортамен өзара байланыстылығы мен заманауи талаптар есебінен кітапхананы дамыту кепілдіктері қажет.

Білім беру ұйымдарын ұйымдастырудың елеулі құрамдас бөлігі ретінде жергілікті билік басты жауапкершілік атқарады, ол нақты заңнамалық актілерді қолдану керек.

Халықаралық деңгейде қазіргі заманғы мектеп кітапханалары өз қызметінде төмендегідей нормативті-құқықтық актілермен басшылыққа алынады:

1. Жалпыға бірдей адам құқығы декларациясы;
2. Бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясы (1989);
3. Мектеп кітапханасы үшін ИФЛА/ЮНЕСКО манифесті (2015);
4. Мектеп кітапханасы үшін ИФЛА/ЮНЕСКО нұсқаулығы (2015);
5. Интернет туралы ИФЛА манифесті (2014).

Мектеп кітапханасы манифесі мектеп кітапханасын мектептің қосымша бөлімшесі ретінде емес, «кітапханалық-ақпараттық жүйесінің неғұрлым кең бөлігі ретінде» айқындайды [5]. Интернет және оның қажеттілігі туралы ИФЛА манифесінің өзекті Ережесі «қолданушыларға таңдалған ақпараттық деректер мен қызметтерді пайдалануда білікті көмек беру».

Республикалық деңгейде:

1. «Білім туралы» ҚР Заңы (2015) (5-бап, 19-3 тармақшада *Білім беру саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді*) [6].

2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығымен бекітілген).

3. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген).

4. 2012-2016 жылдарға оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша Ұлттық іс-қимыл жоспары 2012 жылдың 25 маусымдағы №832 ҚР Үкіметінің Қаулысымен алынады [7].

5. «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы.

Ақпараттық-білім беру бөлімшелерінің айрықша түрлері ретінде нақты мектеп кітапханасына байланысты жұмыс ерекшелігін анықтайтын құжаттар:

1. 2016 жылғы 19 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №44 бұйрығы.

2. 2000 жылы 27 наурыздағы «Қазақстан Республикасы Білім жүйесі кітапханаларының бірыңғай үйлестіруші, ғылыми-әдістеме және ақпарат орталығы туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің №249 бұйрығы.

3. 2001 жылғы 3 шілдедегі «Қазақстан Республикасының білім беру мекемелеріндегі кітапхана ісін жақсарту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің №522 бұйрығы.

4. «Білім беру ұйымдары кітапханаларының типтік және үлгі штаттары» басшылыққа алынады.

Жергілікті деңгейде:

1. Жалпы білім беретін мектептердің Жарғысы және ішкі тәртіп ережесі.
2. Мектеп кітапханасы туралы ереже.
3. Кітапхана қызметкерінің қызметтік нұсқаулығы.
4. Мектеп кітапханасын пайдаланудың ережесі.
5. Оқу жылына арналған мектеп кітапханасының жұмыс жоспары.
6. Мектеп кітапханасындағы қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық.
7. Мектеп кітапханасындағы өрт қауіпсіздігі.
8. Кітапхананың сипаттамасы бойынша нұсқаулықпен жетекшілік етіледі.

Білім беру ұйымдары мен мектеп кітапханасының қызметін реттейтін жоғарыда аталған құжаттарды қолдана білу жайлы ақпараттарсыз олар өздерінің тура тағайындауларын орындай алмайды. Мектеп кітапханасы қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, оқырмандарға анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсету проблемаларын шешу мәселелері қарастырылады. Мектеп кітапханасы өз қызметін ҚР Президентінің өкімдері мен жарлықтары, заңдарымен, ҚР Үкіметі және ҚР атқарушы орган субъектілерінің қаулылары, өкімдерімен, білім басқармасы органдарына тиісті шешімдермен, жалпы білім беру ұйымдарының жарғыларымен, кітапхана туралы ережелермен басшылыққа алынуы тиіс.

Мектептер, мектеп кітапханалары да біртұтас мақсатты көздейді: жалпы мәдени тұлғаны, оның ұлттық және мәдени интеграциясын қалыптастыру,

әлеуметтік құзыреттілік пен өзін-өзі айқындау. Кітапханашы мен педагогтердің ортақ мүддесі білім алушылар тұлғасын қалыптастыру мүддесімен тоғысады.

Мектеп кітапханасы жан-жақты білікті көмек көрсету керек деген кезде әрине, бірінші кезекте басты жауапкершілік кітапханашының біліктілігіне, оның креативтілігіне артылатыны сөзсіз. Мектеп кітапханасы қызметінің ең бір өзекті мәселесі білікті мамандардың тапшылығы да болып табылады. Білім мен ғылым жылдам дамып, күнде бір жаңа технология пайда болып жатқан мына заманда өз деңгейінде бағалануы үшін кітапханашы көп талапты орындай алуы шарт. Әрине, қазіргі таңда негізгі мәселе кітапханашының мәртебесінде болып тұр. Елімізде кітапханашыларды әлі күнге дейін техникалық қызметкер ретінде қабылдайды, ал, алыс-жақын шет мемлекеттердің тәжірибесіне қарайтын болсақ, оларға педагог-кітапханашы деген мәртебе беріледі. Педагог-кітапханашы болып жұмыс жасайтын мамандар базалық білім ретінде алдымен мұғалім мамандығын, кейін кітапханашы мамандығын меңгереді. Мәселен, Австралияда мектеп кітапханасының қызметкерлері кітапханашылықтан бөлек педагогикалық білімі болуы керек. Педагог-кітапханашы педагог және кітапханашы деген біліктілікке ие болады. Қос біліктілік ерекше маңызға ие, яғни мектеп бағдарламасы мен педагогикадан алған білімі кітапхана жұмысы мен ақпаратты басқару қабілетімен үйлесуі керек. Кітапханашыға берілетін жоғары білім мазмұны да халықаралық талаптарға сай болуы қажет. Педагог-кітапханашы өмір бойы білім алуға ынталанушы өскелең ұрпақты ақпараттық сауаттылықта тәрбиелеуді шешуге рөл атқаратыны даусыз [8]. Жаңартылған білім мазмұны тұрғысынан білім беру қауымдастығында маңызды рөлге ие, оның міндеті оқушы және мұғаліммен өзара әрекеттестік, оқу процесіне ресурстарды қамтамасыз ету, ақпаратқа қол жеткізуді оңтайландыру, тиімді оқу ортасын жасау, жоспарлау мәселелерінде бірлесу т.б. Сондықтан кітапханашылардың мәртебесін көтеріп, соған сай жұмысты талап етіп, жалақыны өсіру, тұрақты түрде біліктілігін арттыру, әсіресе мектеп кітапханасын дамытуда негізгі шешімді қажет ететін мәселелер болып табылады. Мектеп кітапханалары арасында жүйелік қауымдастықты үйлестіру, оқырмандарға қазіргі заман талаптарына сай қызмет көрсету мақсатында кітапхана қызметкерлеріне әдістемелік көмек көрсету және біліктіліктерін арттыру қажет. Кітапханалардың кадрлармен қамтамасыз етілуі сын көтермейтін шекке жетті (2-кесте).

Кестеде көріп отырғанымыздай көптеген білім беру ұйымдарының мектеп кітапханаларында қызметкерлердің арнайы білімі жоқ. Бұл Ақмола облысы (35%), Ақтөбе облысы (46%), Павлодар облысы (48%), Алматы қаласы (40%), Астана қаласында (25%) байқалады. Астана қаласында 101 кітапханашының тек 26-ның ғана арнайы білімі бар, ал 70 қызметкердің арнайы білімі жоқ болса, Алматы қаласында 414 кітапханашының тек 165-нің арнайы білімі бар, ал 152 қызметкердің арнайы білімі жоқ.

Бүгінгі таңда «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ мен «Өрлеу» БАҰО» АҚ базасында мектеп кітапханашыларына арналған көптеген семинарлар мен біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылуда. Мәселен,

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары берген деректеріне сүйенсек облыс көлемінде мектеп кітапханашыларына «Балалардың ой өрісін дамытудағы кітапхана рөлі», «Кітапхана – руханият айнасы», «Жеткіншектерді кітап оқуға тартуда заманауи технологиялар», «Мектеп кітапханасында құжаттарды жүргізу», «Мектеп кітапханаларындағы ақпараттық қызмет көрсету: бет алысы және болашағы», «МЖМБС жүзеге асыру жағдайында мектеп кітапханашысының кәсіби құзыреттілігін жетілдіру», «Мектеп кітапханашыларының кәсіби өсу аспектілері», «Мектеп кітапханасындағы жұмыстың заманауи әдістері», «Кітапханашыларға кәсіби және техникалық білім беру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық», «Автоматтандырылған АИБС MARK SQL бағдарламасымен жұмысы» т.б.

2-кесте – Мектеп кітапханаларының білікті кадрлармен қамтамасыз етілуі

Облыстар	Облыс мектептерінің кітапханашылары барлығы	Оның ішінде арнайы кітапханашылық білімі бар	Оның ішінде арнайы білімі жоқ	Зейнет жасындағы жұмыс істейтіндері
Ақмола	466	163	285	18
Ақтөбе	412	192	215	5
Алматы	1164	626	249	289
Атырау	277	178	80	19
Шығыс Қазақстан	691	374	282	35
Жамбыл	524	351	168	5
Батыс Қазақстан	389	259	116	14
Қарағанды	566	299	232	35
Қызылорда	386	265	121	0
Павлодар	424	206	187	31
Солтүстік Қазақстан	464	237	205	22
Оңтүстік Қазақстан	1291	918	373	0
Алматы қ.	414	165	152	97
Астана қ.	101	26	70	5

Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының деректері.

Көптеген семинарлар мен «Мектеп кітапханаларында ақпараттық орта құру және қызмет көрсетуді ұйымдастыру», «Білім беру мекемелері кітапханалары жұмысын ұйымдастыру», «Кітапхананың ақпараттық – кітапханалық қызметін автоматтандыру», «Оқырмандарға ақпараттық коммуникациялық технологиялар негізінде библиографиялық қызмет көрсетуді дамыту», «Мектеп кітапханасы бойынша жүргізілетін құжаттармен жұмыс»,

«Мектеп кітапханашыларының кәсіби шеберлігін дамыту», «Мектеп кітапханасының ақпараттық ортасын құру және қызмет ету ерекшеліктері», «Кітапхананың ақпараттық-білімдік ортасын құру және қызмет көрсету», «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында кітапхананың ақпараттық-білімдік ортасын құру және қызмет көрсету», «Білікті кітапханашы мектебі», «Кітапханалардың ақпараттық-кітапханалық қызметін автоматтандыру (MARK-SQL)», «Білім беру ұйымының ақпараттық-білімдік кеңістігін құрудағы кітапхананың рөлі», «Ақпараттық-оқыту ортасындағы мектеп кітапханасы» т.б. тақырыптарда біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылған.

Бүгінгі таңдағы мектеп кітапханашысының қызметі мен болашақтағы мектеп кітапханасы рөлінің тәжірибесі мен педагогика ғылымындағы үш көзқарас, үш басты тәсілдер байқалды. *Бірінші тәсіл* – мектеп кітапханасы базасында жаңа медиатека-бөлімшесін жасау қажеттілігін негіздеу немесе мектептің кітапханалық медиаорталығына, кітапханашыға қосымша функция медиамаман міндетін атқару. Мектеп медиатекасы концепциясының авторы Е.Н. Ястребцев, кітапханашының атауын міндетті түрде ауыстырып, мектептің кітапханалық медиаорталығы атауымен, қайта ұйымдастырудың уақыты келді деп есептейді [9]. *Екінші тәсіл* – кітапхана мектептің ақпараттық орталығы болуы керек, ал кітапханашы ақпарат беруші функциясын өзіне алуы керек. *Үшінші тәсіл* – білім беру мекемелерінің өзіндік міндеттерімен педагогикалық құрылымдық бөлімшесі ретінде қарастыру керек.

Мектеп кітапханаларының айрықша белгілері – басқа әлеуметтік жүйелер аясында оны әлеуметтік жүйе ретінде жұмыс істету. Жаңартылған білім мазмұны контекстінде білім беру ұйымдарын олардың алдына мынадай міндеттер қояды-оқушының шығармашылық әлеуетін ашу үшін жағдай жасау. Кітапханашы оқу-тәрбие процесінде көмек беретін, шығармашылық, интеллектуалдық әлеуетін тиімді жандандыруға қабілетті және осы жерден барлық мектеп кітапханасының басты міндеті шығатын, білім беру ортасының элементі болып табылады. Мектеп жақсы кітапханасыз өзінің білім мен тәрбие процесін жоғары деңгейде орындай алмайды. Білім маңызды рөл атқаратын заманауи ақпараттық қоғамда табысты болуы үшін ол ақпараттар мен идеяларды береді. Оқушыларға үнемі өздігінен білім алу қажеттілігіне әкеліп, қиялын дамытып, азаматтық жауапкершіліктеріне тәрбиелейді. Кітапханашы мен мұғалімдердің бірлестігі білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана білуіне, оқу дағдыларының дамуына, сауаттылық деңгейінің көтерілуіне мүмкіндік беріп, есте сақтауына көмектеседі. Кітапханашы мен оқырман-оқушының өзара әрекеттесуі «шығармашылық бірлік» принципінде жасалады. **Мұнда** кітапханаға белсенді рөл беріледі. Ол жаңартылған білім мазмұнын жағдайында кеңі түседі.

Кітапқа тұрақты қызығушылығын дамыту, оқу мәдениетіне тәрбиелеу, шығармашылық ойлауға дамыту кітап оқуы мен тұлғалық дамуы дәстүрлі және инновациялық әдістердің көмегі арқылы іске асады. Әрине, заманауи кітапхана технологиялары енгізілген мектеп кітапханасының кітап қоры зор рөл

атқарады. Дәл солар мектептің педагогтері мен оқушылары алдында ерекше маңызды және қызығушылықтарын қамтамасыз етеді.

Өңірлерден келіп түскен ақпараттардан көріп отырғанымыздай мектеп кітапханалары кітап қорларын толықтыруда үлкен қиындықтарды бастан кешіруде. Жаңа кітаптар шектеулі, аз мөлшерде, жүйелі түспейді, білім беру ұйымдары өздеріне қажетті әдебиеттерге тапсырыс беруге қауқарсыз. Жаңа анықтамалықтар, энциклопедиялық басылымдар, білім алушылар үшін ғылыми-көпшілік әдебиеттер, мұғалімдер үшін педагогикалық әдебиеттердің жетіспеушілігі өткір мәселе болып қалып отыр.

Сонымен, Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы мен Астана қалаларында заманауи кітапханалық кітапханамен жабдықтау сонын ішінде АКТ (сандық кітапхана, КААЖ, электронды кітапханааралық абонемент т.б.) жабдықталуы жеткіліксіз. Мектеп кітапханасы жұмысында заманауи технологиялардың жоқтығы олардың жұмысына әсер етеді. КААЖ бағдарламасының жаңа қазақстандық нұсқасы және оның жаңартылған нұсқасы жетілдірілмеген, сонын ішінде КААЖ қазақ тіліндегі нұсқасы жоқ. Шетелдік бағдарламаның біздің кітапхананың жұмыс жағдайына тура келмеуі, қазақ әрпінің жоқтығы, кез келген ұсақ-түйек мәселелердің өзін шешу қиын еді. Тәуелсіздікке қол жетіп, жеке-дара мемлекет болған соң, кітапхана жұмысына арналған қазақстандық компьютерлік бағдарламаны жасау өзекті мәселеге айналып отыр. Негізгіден басқа (дерекқорларды жасау) көптеген операцияларды орындамайды. Кітапханаралық абонемент жоқ, заманауи компьютерлер қолданыста жоқ, көбейткіш техника мен принтерлер жоқтың қасы. Ауыл мектептерінде жоғары жылдамдықты интернет жоқ немесе тұрақты жұмыс істемейді. Сандық кітапханалар электрондық жеткізгіштерде оқулықтар, бейнежазба мен мәтіндік құжаттармен толықтырулары жеткіліксіз. Кітап қорларында көркем әдебиеттермен, әсіресе, қазіргі заманғы авторлардың шығармаларымен қамтамасыз ету жүйесі жоқ. Олар түсіп жатқан жағдайда әдістемелік құралдар, дидактикалық материалдар, шектеулі түрде немесе аз мөлшерде келеді. Кітапханаға заманауи және ыңғайлы жиһаздар қажет. Мәселен, Ақмола облысының Степногорск қаласында барлық кітапханалар компьютерлер және принтерлермен жабдықталмаған. Алайда барлық мектептер интернет жүйесіне қосылған, бірақ барлық кітапханалардың интернетке қосылуы мүмкін емес, бұл мектеп кітапханасының бір бөлігі қатысатын «Мектеп кітапханасы жұмысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу» авторлық бағдарламасы аясында тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік жасалмаған.

Еліміздің облыстарының мектеп кітапханаларының жалпыға ортақ мәселелерін тізіп шығуға болады. Әсіресе, ауыл мектептерінде материалдық-техникалық база (әсіресе АКТ бойынша) нашар, кітапханалар жабдықтарының ескіруі, жаңа жиһаздар мен жабдықтардың болмауы (стеллаж, үстел, көрмелік стендтер), оқу залдары, аудио-бейне залдардың (компьютерлік техникалардың жеткіліксіздігінен) болмауы, ғылыми-көпшілік әдебиеттермен кітап қорының

ескіруі, қызықты балалар әдебиеті, анықтамалықтар мен энциклопедиялардың жеткіліксіздігі. Жалпы алғанда мектеп кітапханасы оқушыларға шығармашылықпен айналысуға ыңғайлы болуы тиіс. Мәселен, Австрияда мектеп кітапханасының бірнеше залы бар, оқу залы, ғылыми жобаларды жасау үшін арнайы зоналар, оның ішінде интерактивті зона, демалыс зонасы, ойын ойнайтын, аудио тыңдайтын, бейне фильмдер көретін, оқушылар ғылыми-жоба жазуы үшін ыңғайлы, бөлек, топпен жұмыс жасауға ыңғайлы кабиналармен (дыбысты реттегішпен кабина ішінде проектор) жабдықталған. Кітапхана оқырмандарға электронды қызмет көрсетеді. Бүгінгі таңда Австрияның мектеп кітапханалары ең алуан түрлі міндеттерді орындайды және оны: ақпараттық орталық, мультимедиялық орталық, оқу орталығы («оқыту кітапханасы»), кітапхананы пайдалануға үйрету орталығы, кітап оқуды қолдау орталығы, қарым-қатынас орталығы ретінде қолдануға болады.

Қазақстанда оңтайлы жабдықталған кітапханалар үлгісі бар. Әдеттегідей халықаралық зияткерлік мектептерінің («Мирас» мектептері, «Haileybury», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» жүйесі, Қазақ-түрік лицейі, жеке мектеп-лицей, мектеп-гимназиялары) жүйесі үздік кітапханаларымен ерекшеленеді. Олардың кітапханаларының көп бөлігінде аудио-бейне, фотоқұжаттар бар, ал ерекше тәжірибелі кітапханалар кешенді электрондық тасымалдағыштар ақпараттары, компьютерлік желілер мүмкіндіктерін пайдаланады. Кітапхана қорлары құрамында мазмұндық және түрлі өзгерістер пайда болады: олар жеке сапалы оқу рефераттары, оқу-әдістемелік жарияланымдармен қалыптасады.

Сонымен қатар, еліміздегі мектептер кітапханамен 100% жабдықталмаған. ҚР БҒМ мәліметтері бойынша республика бойынша білім беру ұйымдарының жалпы санының 89,6% (90,4%*) мектеп кітапханасы жұмыс жасайды. Республика бойынша еліміздегі 10,4%* (9,6%*) мектептерінде кітапханалар жоқ (3-кесте).

3-кесте –Кітапханалары бар мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің саны, 2015 ж.

Өңірлер	Барлық мектептер	Кітапханалары бар мектептер саны
ҚР	7 158*	6 473
Ақмола	578	518
Ақтөбе	422	421
Алматы	737	665
Атырау	192	183
Батыс Қазақстан	389	315
Жамбыл	449	390
Қарағанды	526	476
Қостанай	535	460
Қызылорда	298	291
Маңғыстау	132	127
Оңтүстік Қазақстан	1 021	925

Павлодар	400	358
Солтүстік Қазақстан	533	451
Шығыс Қазақстан	667	614
Астана қ.	78*	78
Алматы қ.	201	201
ҚР	7 222	6 474

Астана қаласының білім беру ұйымдарының жеке ғимараттарының болмауы себебінен («Дарынды қыз балаларға арналған қазақ түрік лицей-интернаты» ММ, №26 «балабақша бастауыш мектеп кешені»), 80 жалпы білім беретін мектептердің 78 бойынша материалдық техникалық жабдықталуы туралы мәліметтер көрсетілген. Аталған білім беру ұйымдарының оқушылары №36 ОМ ММ, №61 ОМ ММ, № 72 мектеп-лицейі КММ оқытылады.

Дереккөз: ҰБДҚ 2015 жылғы 5 қыркүйектегі деректері бойынша [10].

Кестеде көріп отырғанымыздай еліміздегі бірқатар орта білім беру ұйымдарының арнайы кітапханалары жоқ. Бұл Ақмола облысы (89%), Жамбыл облысы (86%), Солтүстік Қазақстан (84%), Павлодар облысы (89%), Батыс Қазақстан (81%), Қостанай облыстары бойынша (85%) мектептерде кітапханалар жұмыс жасайды.

Көптеген орта білім беру ұйымдарында БҒМ бекіткен тізімімен ғана оқулықтар орналастырылған, әрине оқушылар мен мұғалімдердің таңдаулары шектеліп, қосымша оқу курстары, вариативтік оқу бағдарламаларын жүзеге асыруға қиындық тудырады.

Оқу қорларын пайдалану бойынша мектеп кітапханасының қызметі қауырт болып табылады: кітапхананың қызмет көрсетуінде оқушы мен педагогтердің барлық контингенті қамтылған; кітап беру ауқымы оқу әдебиеттері қорына жақындайды. Кітапханалар оқулықтармен жұмыс процесін қадағалайды және үнемі сол бойынша есеп береді. Бүгінгі таңда жаңартылған білім беру мазмұны контекстінде көптеген мектеп кітапханалары қыркүйек айында оқу жылы уақытына біржолғы берілетін оқу кешендерін беруден бас тартады (4-кесте).

4-кесте – Оқушылар үшін мектеп кітапхана қорының жинақталуы және қалыптастырылуы

Өңірлер	Оқу бағдарламалары бойынша оқулықтармен қамтамасыз етілуі (қажеттілік %-бен)	Қосымша оқу және әдістемелік әдебиеттер мен қамтамасыз етілуі (қажеттілік тер %-бен)	Электрондық оқулықтар және ОӘК қамтамасыз етілуі (қажеттілік тер %-бен)	Анықтамалық - библиографиялық ақпараттар мен қамтамасыз етілуі (сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар,	Ғылыми-танымдық және көркем әдебиетпен қамтамасыз етілуі (қажеттіліктер %-бен)

				каталогтар, тақырыптық картотекалар) (қажеттілік тер %-бен)	
Ақмола	100%	68%	41.1%	60%	67%
Ақтөбе	100%	79%	76%	78%	68%
Алматы	100%	100%	100%	100%	100%
Атырау	100%	95%	96%	84%	60%
Шығыс Қазақстан	100%	83%	69%	64%	58%
Жамбыл	100%	100%	94%	88%	91%
Батыс Қазақстан	100%	90%	50%	50%	50%
Қарағанды	99%	92%	67%	80,9%	75,4%
Қызылорда	100%	100%	100%	100%	100%
Павлодар	100%	100%	50%	30%	40%
Солтүстік Қазақстан	94%	54%	50%	62%	56%
Оңтүстік Қазақстан	93%	77%	62%	50%	73%
Алматы қ.	100%	100%	100%	61%	50%
Астана қ.	100%	100%	80%	87%	88%

Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының деректері

Кестеден көріп отырғанымыздай еліміздегі көптеген орта білім беру ұйымдарында оқушылар үшін 74% ғана электрондық оқулықтар және ОӘК-мен қамтамасыз етілген. Облыстардың және Астана, Алматы қалаларының білім басқармаларының деректеріне сәйкес оқулықпен қамтамасыз етілген оқушылар үлесі 98,1% құрайды. Өңірлер бөлінісінде мектеп кітапханаларында оқу бағдарламалары бойынша 100% оқулықтармен қамтамасыз етілмеген Қарағанды (99%), Солтүстік Қазақстан (94%), Оңтүстік Қазақстан (93%) облыстары болып отыр.

Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдері оқу-тәрбие процесіне қажетті оқу және оқу әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілмей, оқу процесінде алға жылжушылық болмайтыны баршамызға аян. Әкімшілік және мұғалімдер үшін мектеп кітапхана қорының жинақталуы және қалыптастырылу жұмысының жағдайы келесі кестеде көрсетілген (5-кесте).

5-кесте – Әкімшілік және мұғалімдер үшін мектеп кітапхана қорының жинақталуы және қалыптастырылуы

Өңірлер	Қосымша оқу және әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуі (қажеттіліктер %-бен)	Электрондық оқулықтар және ОӘК қамтамасыз етілуі (қажеттіліктер %-бен)	Ғылыми-танымдық және әдістемелік журналдармен қамтамасыз етілуі (қажеттіліктер %-бен)	Анықтамалық-библиографиялық ақпараттармен қамтамасыз етілуі (сөздік, анықтамалық, энциклопедия, каталог, тақырыптық картотекалар)(қажеттіліктер %-бен)	Дидактикалық материалдар (қажеттіліктер %-бен)
Ақмола	64%	45%	57%	50%	52%
Ақтөбе	73%	70%	73%	64%	68%
Алматы	100%	100%	100%	100%	100%
Атырау	80%	80%	90%	50%	70%
Шығыс Қазақстан	59%	50%	62%	71%	67%
Жамбыл	94%	90%	90%	94%	88%
Батыс Қазақстан	70%	60%	80%	60%	50%
Қарағанды	70%	59%	72%	50%	50%
Қызылорда	90%	75%	80%	90%	80%
Павлодар	58%	75%	50%	50%	50,3%
Солтүстік Қазақстан	81%	70%	85%	90%	90%
Оңтүстік Қазақстан	66%	77%	73%	84%	72%
Алматы қ.	40%	100%	85%	55%	50%
Астана қ.	62%	55%	60%	65%	63%

Дереккөз: Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының деректері.

Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларынан келіп түскен деректерге сәйкес мектеп әкімшілігі мен мұғалімдері үшін мектеп кітапханасы қорында қосымша оқу және әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілуі 71,8%, ғылыми-танымдық және әдістемелік журналдармен қамтамасыз етілуі 75,5%, электрондық оқулықтар және ОӘК қамтамасыз етілуі 72 % құрап отыр. Электрондық оқыту жүйесіне қосылған мектептердің үлесі 36,6% құрайды, ол 2014 жылғы деректерден шамамен 22% есе артық (6-кесте). Мектеп кітапханасының қоры білім беру ұйымындағы білім алушылар контингентіне сәйкес қалыптастырылуда. Елімізде 2014 жылы оқулықпен

қамтамасыз етілген оқушылар үлесі 98,2% (6-кесте) адамды құрайды [11].

6-кесте – Оқулықпен қамтылған оқушылар үлесі, 2014 жыл

Өңір	Барлық оқушылар	Оқулықпен қамтылған оқушылар	%
Ақмола	103463	99643	96,3
Ақтөбе	115424	115424	100
Алматы	307900	307900	100
Атырау	96043	96043	100
Шығыс Қазақстан	167052	167052	100
Жамбыл	185191	185191	100
Батыс Қазақстан	87013	86578	99,5
Қарағанды	171708	170220	99,1
Қостанай	99740	97746	98
Қызылорда	125803	119694	95,1
Маңғыстау	100104	100104	100
Павлодар	87218	87218	100
Солтүстік Қазақстан	71674	69344	96,8
Оңтүстік Қазақстан	543520	514713	94,7
Алматы қ.	171576	171576	100
Астана қ.	91618	91618	100
ҚР	2525047	2480064	98,2

Дереккөз: ҚР Білім және ғылым министрлігінің деректері

Түйін: Жоғарыда көрсетілген кестеге қарайтын болсақ 2014 жылы оқушылар санына шаққанда мектеп кітапханаларының оқулықпен қамтамасыз етілу деңгейі әлі де жүз пайыз көрсеткішті көрсетпей отырғанын көре аламыз. Алайда, 2014 жылмен салыстырғанда динамикалық өсу байқалады. 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы Ақмола облысы 96,3%/100%, Батыс Қазақстан облысы 99,5%/100% жеткен. Ал керісінше Қарағанды (99%), Солтүстік Қазақстан (94%), Оңтүстік Қазақстан (93%) облыстары сол қалпында қалып отыр.

Мектеп кітапханасы қазіргі кезеңде заман талабына сай жаңа технологиямен жұмыс жасап, мектеп қауымдастығына қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіп, әдістемелік көмек көрсету. Бүгінгі ақпарат заманында нар көтермес жүкті көтеріп, бүгінгі күннің, заманның басты кейіпкеріне айналу кітапханашылардың басты міндеті. Кітапхана қажетті ақпараттарды алатын қайнар көзі ретінде оқушылардың оқырмандық сауаттылығын дамытуға ықпал ететін факторлардың бірі болып табылады. Сондықтан «білім қоймасын», баспа

түріндегі және электрондық тасымалдағыштағы қажетті қорлармен тиісті деңгейде жарақтандыруға сыни тұрғыдан назар аудару қажет.

Қазіргі заманғы ақпараттық кеңістікте білім беру қызметін сапалы ұсынудың бөлінбес факторы орта білім ұйымдарының кітапхана қорына кең қолжетімділік болып табылады.

2 Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы мектеп кітапханалары қызметінің мақсаты мен міндеттері

Тәуелсіз Қазақстанның келешегі жас ұрпақты тәрбиелеп отырған мектеп дейтін болсақ, сол мектепте орналасқан кітапханада осы міндетті бірге атқарады. Осыған орай мектеп кітапханасының алдына қойған өзекті мәселесі жас ұрпақты тәрбиелеу. Білім және тәрбие жүйесінде контекстін жаңарту процесінің бастауында мектеп кітапханашысының рөлі және мектеп кітапханашысының түпкілікті өзекті мәселелері де жаңашаланады.

Бүгінгі мектеп кітапханасы кітап қарауылшысы ғана емес, білім жолындағы білім мен тәрбие процесінің концепциясын жауапкершілікпен қадағалап дәріптеуші. Ол үшін не істейді дегенге келетін болсақ, мектеп кітапханашысы сол мектептегі жаңалықтың жаршысы, әрбір елімізде болып жатқан уақиғалардың насихатшысы болу керек. Мектеп кітапханасы мектептің оқу-тәрбие процесін қамтамасыз етеді. Мектеп мұғалімдері алдына қойған мақсаттарға қарап, өзінің жұмысының жоспарын құрады. Ол тек қана кітапхана-библиография негізімен байланысты. Сонымен қатар мұғалімдерге білім жолындағы жандарға, мамандарға кәсіби біліктілігін арттыруда шеберлікке үйретеді. Мектеп кітапханасы білім жүйесіндегі мұғалім мен әкімшіліктен кем қатыспайды. Олар мектеп, білім жүйесіндегі реформаларды, мәселелерді шешеді. Осыған орай, айта кетерлік жайт осындай білім жүйесінде мектеп жүрегінің жұмыс атқаруы. Әр мектеп мұғалімінің, яғни білім жолындағы адамның жеке басының кітапхана арқылы көптеген жаңалықтардан хабардар болғанда іске сәттілік әкеледі. Білім процесінің біліктілігін арттырудағы жетістік тікелей мектеп кітапханашысына да байланысты.

Мектеп кітапханасы педагогикалық қызметінің негізгі мақсаты: білікті оқырманды дайындау арқылы рухани қалыптастыру.

Кітапхана жұмысын сапалы жүргізу үшін оқырмандармен жүйелі жұмыс жасау керек, сонымен қатар, кітапхана жұмысын жетілдіру:

- балалар мен оқырмандар арасында библиографиялық білімді насихаттау;
- кітапханашы қызметкерлерінің арасында өзара библиографиялық білім беру арқылы іс-тәжірибе алмасу;
- кітапханада АБА-каталогтар жүйесін құру;
- электрондық каталогтар, оларды құрастыру ерекшелігі;
- ақпараттық қызметте Интернет ресурстарын қолдану;
- ақпаратты-библиографиялық бөлімінде «Қолжазба қоры» ұйымдастыру т.б.

Кітапханашы ақпаратты жеткізуші ретінде көзқарас өткен уақытта қалған.

Бүгінгі таңда мектеп кітапханасының мүмкіндіктерін пайдалану мен білім беру ресурстарын тиімді пайдалану бағытында ортақ мәселелерді анықтау аясында және бірлесіп бағдарламалар жасау негізінде педагог пен кітапханашыға бірлесудің жаңа формалары қажет. Яғни, кітапханашының атқаратын қызметі заман талабына сай оқырмандарға өркениетті қызмет көрсету, кітапханаларға берілген жаңа технологияларды кітапхана жұмысында

кеңінен қолданып, кітапханалардан бүгінгі қоғамның қажетті ақпарат орталығы екендігін дәлелдеп, беделін көтеру. Мектеп кітапханасына жаңа технологияларды енгізу оқырмандармен Интернет және әлеуметтік желілер көмегімен жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Кітапханадағы оқырмандарға қызмет көрсету бағытының басымдылығы: мектептегі оқу процесіне белсенді ықпал ету; оқырмандар деңгейіне қарай сұраныстарға дифференциялық қызмет көрсету; жаңа оқырманға ақпараттарды қалай алу керектігін, анықтама ақпаратымен қалай қолдану керектігін, түсіндіріп үйрету (каталог, картотекалар).

Мектеп кітапханасы – бұл ерекше педагогикалық орта, барлық кітапханалық формалар, әдіс-тәсілдермен педагогикалық қызметті жүзеге асырады. Кітапхана аясында оқытудың белсенді әдістері осы немесе басқа да мәселелерде қызығушылықтарын арттырады, эмоциялық қызығушылық тудырады, демек көңіл аударуға, ойлауын тереңдетуге, материалды қабылдау мен есте сақтауын жеңілдетеді. Заманауи мектеп кітапханасының негізгі міндеттері ретінде іс-әрекеттің осындай түрлері көрсетілген. Мектеп кітапханасы оқытуға қатысты қызметтерді ұсынады, кітаптар мен материалдар мектеп қауымдастығының барлық мүшелеріне сыни ойлауын қалыптастыруға, барлық форматтар мен барлық тасымалдағыштарда тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

XXI ғасырдағы мектеп кітапханасының миссиясы білім алушылардың ақпараттық мәдени тұлғасын, айналаға, баланың тұлғасын тану, білім алу құқығы, еркіндік, бақыт, әлеуметтік қорғау дұрыс қарым-қатынас тәрбиесін қалыптастыру болып табылады. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге», – деп Абай атамыз айтпақшы барлық адам баласы үшін кітап – рухани азық. Осы рухани азығымызды жетілдіруде, кітапхананың барлық қауымға тигізері мол. Баланың дүниетанымы мен мінез-құлқының адамгершілік нормаларын қалыптастыруға кітап зор үлес қосады. Сондықтан кітапханаға оқырмандарды тарту, жаңа кітаптарды насихаттау, интеллектуалды әлеуетін ынталандыруға жәрдем беруде маңызды орын алады.

Мектептің маңызды бөлімі ретінде мектеп кітапханасы негізгі мақсаты – рухани бай, дені сау, адамгершілігі мол оқушыны қалыптастыру үшін, жоғары рухани-адамгершілік және азаматтық сана-сезімін, интеллектісі, шығармашылық қабілеті дамыған, салауатты өмір салты дағдысы, оқу және ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу дағдысы тұрақты, сонымен қатар, нәтижелі оқу-тәрбие процесін қолдау үшін жағдай жасау.

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында **мектеп кітапханасы жұмысының мақсаты** алдыңғы қатарлы педагогикалық тәсілдерді қарқынды енгізу көрініс табады. Осы негізде мектеп кітапханасы:

- пайдаланушылардың ақпаратты-кітапханалық қызмет көрсету: оқушылар мен педагогтерге қолда бар барлық оқу-әдістемелік және қосымша қолданыстағы немесе медиа ресурстармен тегін және еркін қолдану құқығын қамтамасыз етеді;
- жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде кітапхана ұсынған

қызметтер номенклатурасын жетілдіру, оқушылар мен педагогтар үшін қолайлы оқу кітапханалық ортаны ұйымдастыру;

- экологиялық сауаттылық, азаматтық, гуманистік патриоттық сана-сезімге тәрбиелеу;

- қолданушының шығармашылық әлеуетін дамыту, оқушылар мен мұғалімдердің ақпараттық мәдениетін дамыту;

- білім алушыларға жүйелі оқытуды ұйымдастыру, мәдени, жеке және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып дамытуды іске асыру.

Мектептерге заманауи ақпараттық технологияларды енгізу оның білім беру мақсаттарын өзгертті. Енді олар негізінен білім алушылардың өздігінен ақпараттарды талдау және ұсыну, іздеу, жинау қабілеттерін дамыту мен қалыптастыруға бағытталған.

Дәстүрлі мақсаттардың арасынан мыналарды бөліп алуға болады:

- білім алушыларға тұлғалық гуманистік қасиетке тәрбиелеу (тілектестік, өзара сыйластық, төзімділік т.б.);

- танымдық белсенділігін дамыту, оқуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, жұмысқа шығармашылық қарым-қатынасы;

- жауапкершілік сезімге тәрбиелеу, оқушылардың дербестігі және еңбекқорлығы;

- тұлғаның рухани дамуы, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың үйлесімділігі;

- салауатты өмір салтына ұмтылушылыққа тәрбиелеу.

Мектеп кітапханасы қызметі кітапхананың жұмыс жоспары мен жобалары, бағдарламаларын білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес ақпаратты-кітапханалық ресурстар негізінде іске асырады.

Күнделікті білім алушылар, әкімшілік-педагогикалық ұжым, ата-аналармен өзара әрекеттесе отырып келесі қызметтерді атқарады:

білім беру – мектептегі білім беруді дамытудың негізгі бағыттарына сәйкес қызметін жүзеге асырады, мектеп концепциясымен тұжырымдалған білім беру мақсаттарын қамтамасыз етіп сүйемелдейді.

ақпараттық – тасымалдағыш, формат, түрлеріне қарамастан ақпараттарды қолдану мүмкіндіктерін ұсынады.

мәдени – білім алушылардың эмоциялық дамуына ықпал ететін, мәдени және әлеуметтік сана-сезімін қалыптастыратын іс-шараларды ұйымдастырады.

Мектеп кітапханасы білім беру процесінің бөлінбес бөлшегі болып табылады.

Сауаттылық, ақпаратты қолдану дағдылары, сабақ беру, оқыту мен мәдениетті дамытуда мектеп кітапханасының негізгі қызметтері басты маңызға ие:

- бұрыннан мектептің алдына қойған және оның оқу бағдарламаларына бекітілген білім беру мақсаттарын нығайту және қолдау;

- балаларға кітап оқу үрдісін жетілдіру және қолдау білдіру, кітапхананы өмір бойы қолдану баланың танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын арттырады;

- білім, білік, түсінік, қиялын арттыру, ақпаратты алу және пайдалану ісінде тәжірибелер алу үшін мүмкіндіктер жасау;

- барлық білім алушыларға тасымалдағыштар немесе форматтар, формаларына қарамастан қоғамда болатын коммуникациялар түрлеріне алғырлығымен ақпараттарды пайдалану және дағдыларды практикада қолдана білуді қолдау;

- білім алушыларға әртүрлі идеялар, тәжірибелер, ой-пікірлерді білуге мүмкіндік жасайтын ұлттық, өңірлік, жергілікті, ғаламдық ресурстар мен мүмкіндіктерге қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- мәдени және әлеуметтік хабардарлық пен алғырлығын жетілдіруге мүмкіндік беретін іс-шараларды ұйымдастыру;

- мектепке жүктелетін міндеттерді орындау үшін әкімшілік пен ата-аналар, оқытушылар, оқушылармен жұмыс, жауапкершілік пен тиімділікке негізделген демократиялық қоғам өміріне қатысу, азаматтық сезімге тәрбиелеу үшін басты маңызды ақпараттарға қол жету және интеллектуалдық еркіндікке сәйкес концепцияны жариялау;

- мектеп кітапханасы ұсынған ресурстар мен қызметтер барлық мектеп қоғамдастығы, басқа да қолданушыларға қолжетімді болу үшін жәрдемдесу және оқуды ынталандыру.

Мектеп кітапханасы өз заманының даму деңгейінде болып, мектептің өркендеуімен қалыптасуы, оның балалар мен жасөспірімдерге тәрбие беру мен оқытуда үлкен көмек беруі керек. Жасөспірімдермен жұмыс жасай отырып, кітапханаға деген құрметі мен сүйіспеншілігін қалыптастыру оларға кітаптар мен жұмыс жасай білуге үйрету – кітапхана қызметінің негізгі міндеттерінің бірі.

Заманауи мектеп кітапханаларының бүгінгі таңдағы негізгі мақсаты:

- оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін, ғылыми зерттеу қызметін, сыни ойлау қабілетін, ақпараттық дағдыларын дамыту;

- пікір және идеяларымен алмасу үшін қолайлы жағдай жасау;

- пайдаланушылардың барлық санаттары үшін ақпараттық және кітапханалық қызметтеріне тең қол жеткізу;

- жаңа ақпараттық технологияларды енгізу, оқыту мен ақпараттық сауаттылықты біріктіру;

- мұғалімдер мен бірлесе отырып оқыту және жоспарлау, мектептің миссиясы мен мақсаттарын жүзеге асыру үшін мүмкіндік жасау;

- мектеп кітапханасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, кәсіби біліктілігін жетілдіру;

- кітапхананың стратегиялық жоспарын жасау және жүзеге асыру.

Негізгі бағыттары:

- кітапханаға оқырмандарды үнемі тартып отыру;

- әдістемелік бірлестікпен бірлесе оқу бағдарламасына сәйкес кітаптарға тапсырыс беру;

- ұсынылатын жаңа әдеби кітаптардың тізімдерін жасау;

- оқу жылы бойы оқулықтармен, жаңа кітаптармен жұмыс жүргізу;

- кітаптарды КАБИС бағдарламасына тіркеу, электронды каталогқа енгізу;
- оқырманға қызмет көрсету және оқушылардың ғылыми-зерттеу жобасына көмек беру;

- кітапхана қорын жарнамалау;
- кітап оқуды насихаттау, дамыту;
- кітапхана сайтымен жұмыс жасау;
- мәдени көпшілік жұмыстар жүргізу;
- түрлі іс-шаралар ұйымдастыру;
- мектепішілік өткізілетін жұмыстарға материалдар жинақтау;
- кітап қорын есепке алу *алуы тиіс* [12].

Қазіргі заманғы кітапхана пайдаланушыларына барлық оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер, оқу бағдарламалары, әртүрлі баспа шығармалары, аудио, бейне материалдары, электрондық тасымалдағышта ақпараттар (сонын ішінде электрондық оқулықтар) кешендерін ұсынады. Сол арқылы ақпараттың барлық түрлерін тиімді қолдану мен сыни ойлауын дамытуға себептеседі.

Мектеп кітапханасын жаңғырту мектеп кітапханасы функциясын күрделендіру мен кеңейту, кітапханалық-ақпараттық қызметтерін өзгертумен бірге жүреді. Мектеп кітапханасы тек ағымдағы оқу процесін және оқушының кітап оқуына жетекшілігін қамтамасыз етпейді, енді ол жаңартылған білім мазмұнының ресурстық базасы, мұғалімдердің ақпараттық орталығы болып табылады. Кітапханашы пән мұғалімдерінің күрделі сауалдары мен ақпараттық ресурстар арасында делдал болады. Мектеп кітапханашысы өзінің барлық қызметтерінде білім алушыларға үнемі өздігінше білім алу қажеттілігіне, қиялын дамыту, азаматтық жауапкершілігіне тәрбиелеп, терең оймен оқуын дамытуға дағдыландырады. Кітапханашы мен мұғалімнің бірлестігі білім алушылардың сауаттылық деңгейін көтеруге мүмкіндік беріп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларын пайдалана білуге дағдылану, есте сақтау, оқу дағдыларын, дамытуға көмектеседі. Оқу бағдарламаларына ақпараттық қолдау білім беру мекемелерінің құрамдас бөлігі ретінде мектеп кітапханасы үшін басымдық болып табылады. Кітапханаға ақпараттық-библиографиялық, кітапханалық қызмет көрсету жолымен мектептің оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету міндеттері қойылған. Соның ішінде кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппаратын тиімді жүргізе отырып, кітапхана қорын сапалы жинақтау негізінде білім беру процесінің вариативті әртүрлі мазмұнын қамтамасыз ету т.б.

Мектеп кітапханасының негізгі міндеттері:

- мектептің алдына қойған және оны оқу бағдарламаларына бекітілген білім беру мақсатын дамыту, нығайту, қолдау;

- анықтамалық-библиографиялық, кітапханалық қызмет көрсету арқылы білім алушылар мен педагогтерге өздігінен білім алу мен оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету. Білім беру жобаларында білім алушылар мен оқушыларға көмек көрсету;

- оқырмандарға тәуелсіз кітапханалық пайдаланушы дағдысын қалыптастыру: кітапты және басқа да ақпараттық тасымалдағыштарды

пайдалана білуге, іздеу, іріктеу, ақпаратқа сыни баға беруге үйрету;

- жаңа кітапханалық технологияны игеру және дәстүрлі технологияны жетілдіру. Құжаттарға неғұрлым толық және тез қол жеткізуге мүмкіндік жасау. Ақпараттарды алуда білім алушылар, ата-аналар, педагогтарға әдістемелік консультациялық көмек беру;

- оқушыларға шығармашылық ойлау, кітапхананы пайдалана білу, кітап оқу мәдениеті, кітапқұмарлық, ақпараттық мәдениетін дамытуға тәрбиелеу. Балаларға оқуға әдеттенуін қолдау және дамыту, оқу және одан қанағаттану. Өздігінен оқуына ықпал ету;

- барлық білім алушыларға коммуникацияның әртүрлі түрлерін қоса, тасымалдағыш немесе форматтары, формасына қарамай ақпараттарды қолдану мен дағдыларын практикада қолдану және иеленуге қолдау білдіру;

- ақпаратты өңдеу мен жинақтау, жинау және оны пайдаланушыға жеткізу. Кітапханада бар ақпараттық деректер базасында кітапханалық іс-шаралар мен сабақтан тыс жұмыстар өткізу;

- оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету мақсатында мектеп кітапханасының кітап қорын қалыптастыру;

- қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу, пайдаланушылар арасында мазмұнды қарым-қатынастарын дамыту;

- елімізде тұрып жатқан басқа халықтардың тілінде және мемлекеттік тілдегі әдебиеттерді насихаттау;

- кітап оқу қызығушылығын қалыптастыру;

- әлеуметтілік және мәдени қабілеттілік пен білгірлігін жетілдіруге мүмкіндік беру, іс-шараларды ұйымдастыру. Мектеп іс-шараларын өткізуде АКТ пайдалану болып табылады.

Мектеп кітапханасының негізгі міндеті әдеттегі біз білетіндей, оқулықпен қамтамасыз ету емес, әдеби дәстүрлер мен заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы тұлғаның жан-жақты, интеллектуалдық және рухани дамуына жағдай жасау болып табылады.

Кітапхананы басқаша айтатын болсақ, мектептің оқу-тәрбие процесінің өзегі, негізі деп айтуға толық болады. Қазақстандық білім беру мазмұнының жаңаруы мектеп кітапханасының да оқу-тәрбие процесіне белсенді қатынасуын талап етеді. Бүгінгі мектеп кітапханасы қоғамның ақпараттық орталығына айналып отыр. Қазіргі уақытта кітап оқудың төмендеп, мектеп кітапханасына деген қарабайыр көзқарастың қалыптасып отырғаны ешкімге де жасырын емес. Мектеп кітапханасына оқушылардың тек ақпарат алу мақсатында ғана жүгінетіні де ащы шындық. Бұл мектеп кітапханасының, мектеп кітапханашысының беделін көтеру қажеттілігін көрсетіп отыр.

Кітапханашы қолында, ол арқылы мұғалімнің қолында осы жұмыстарды орындау үшін бағасыз құрал – кітап қоры бар. Мұнда мектеп кітапханашысының сезінетін басты рөлі бар, яғни ресурстар оқыту мен білім беруде тек құрал, олар қара бастың қамы емес, тек мақсатқа жету амалы. Осы мақсатқа жету қызықты да, сан қырлы кәсіп мектеп кітапханашысына тікелей байланысты [13]. Жаңартылған білім жағдайында білім беру мекемесінің

дәстүрлі кітапханасын жаңғырту мәселесінің қазіргі белсенді дамып келе жатқан қызметке айналуы өте көкейкесті. Кітапхана үдерістерін жаңғырту, инновациялық үйлесу, автоматтандыру – кітапханашының күнделікті жұмысы осылардың төңірегінде жүргізілуге тиісті.

Білім алушыларға патриоттық тәрбие беруде мектеп кітапханасы ерекше маңызға ие. Кітапхананың жүйелі және басым жұмыстарына оқушылар мен жеткіншектерге патриоттық сана-сезім, Отанға деген адалдық, азаматтық борышы мен еліміздің мүддесін қорғауда конституциялық міндеттерін қалыптастыруда бүгінгі күні ерекше талап етіледі. Отансүйгіштік сезімін қалыптастыру «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы құндылықтары негізінде жүргізіледі. Мектептегі кітапхана қазақстандық патриотизм, азаматтық жауапкершілік, ынтымақтастық, өмір бойы білім алу қажеттілігін сезінуге **септігін тигізеді.**

Мектеп кітапханасы жұмысының технологиясы айтарлықтай өзгерістерге душар болды. Бүгінгі таңда мектептердегі жаңа сапалы кітапханалық-ақпараттық қамтамасыз ету деңгейіне жету жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияларды (КАКАЖ бағдарламасын енгізу – оқырмандардың электрондық каталогын, кітап қорын және т.б. жасау) енгізумен байланысты. Бұл жағдайда ақпараттық-білім беру ортасынан қол ұзу мүмкін емес, кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетудің дәстүрлі және инновациялық әдістерін интеграциялау процесі үдей түседі.

Кітапхананы компьютерлендірудің басты мақсаты – мектепті толық, анық, мерзімді ақпараттармен қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасау. Мектеп кітапханасы бірыңғай кітапханалық-ақпараттық медиа-кеңістікке кіруі керек. Бұл бүгінгі таңда барлық, әсіресе ауыл-аймақтарда орналасқан мектептер үшін қажеттілік болып отыр. Қазіргі кітапханашылар өз жұмыстарында жұмыс жағдайларына қажетті мониторинг пен зерттеу жүргізуге қабілеттілік, ақпараттық жұмысқа назар аудару, компьютерлік сауаттылық болып отырған жаңа технологияларды қолдану керек. Сондықтан кітапханада құжаттарды дұрыс жүргізу, мүмкіндігінше іс-шаралар мен көрмелер өткізу, ақпараттық байланыстарды жүзеге асыру, іздеу және ресурстармен алмасуды іске асыруға мүмкіндік беретін интернет желілері соншалықты маңызды. Мектеп кітапханасының білім-дамыту функциясын кеңейту кітапханашыны педагогтердің кәсіби қызметкері ретінде, ал кітапхана – білім беру мекемелері педагогикалық жүйесінің маңызды компоненті ретінде есептеуіне мүмкіндік береді [14].


XXI ғасырда балаларды барлық алды-артын орап алатын құмарлық-инновациялық технологиялардан көңілін бөліп, оқу залдарына тарту қиындық тудырып отыр. Кітапханашылар мен мұғалімдер қазіргі балаларды кітап оқуға қызықтырудың қиындықтарын түсінеді, сондықтан да кітапхана қызметін педагогикамен байланыстыру өте маңызды, оқушыларға кітап әлемінің кереметін ашу, кітаптар мен оқулықтардың көрнекті тұлғасы емес, ақылшы-тәлімгер болуда педагогтің шеберлігін ояту. Қазіргі кезде қоғамымыздың дамуына қарай ақпаратты жан-жақты алу аудио, бейне, интернет жүйесі т.б.

арқылы мүмкіндік туғанымен кітапхана арқылы әдеби кітаптарды оқи отырып алатын білім мен сауаттылықтың орны жоғары екені даусыз. Халықаралық зерттеу көрсеткендей мектеп кітапханасын дамыту, оқу сауаттылығын дамытумен тікелей өзара байланысты болады. Еліміздегі мектеп кітапханалары (бастауыш мектептен бастап) әрбір жеке тұлғаның оқу үлгеріміне орасан зор әсер етеді. Әсіресе, қоғамдағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балалары мектеп кітапханасындағы өзекті ақпараттық ресурстарға кедергісіз қолжеткізеді. Кітапханашылар балаларға кітапхананы пайдалануға баулиды. Мәселен, Лисаков қаласы мектеп-гимназиясының кітапханасы бұл бағытта көп іс атқаруда. Мектептің кітапханашылары өз жұмыстарында жана технологияларды қолданады (компьютерлік технологиялар игерілген, электрондық каталогтар сатып алынған), ақпараттық жұмыстарға үлкен көңіл бөлінеді, мектептің білім алушыларының ғылыми ортасымен, оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысады, әртүрлі конкурстар, мониторингтер, түрлі зерттеулер жүргізеді.

Мектеп кітапханасында кітапхана қызметінің сапасы мен тиімділігіне мониторинг жүргізіліп, онда педагогикалық қызметкерлердің ақпараттық-әдістемелік қызмет көрсетуін жетілдеру жолдары көрінеді. Мектептегі заманауи кітапхананың рөлі бойынша жүргізілген зерттеулерден келесідей міндеттер қарастырылды:

- кітапхана қызметінің сапасы мен тиімділігі;
- мектеп қызметкерлерінің ақпараттық қажеттіліктері;
- заманауи ақпараттық-әдістемелік орталық ретінде перспективалық бағыттары.


Зерттеуге мектеп-гимназиясының мұғалімдері мен әкімшілік мүшелерінен 75 қатысушы қатысты. Олар алынған оқу, әдістемелік ақпараттар деректері бойынша келесідей үлгіде орналастырылды (1-сурет).



1-сурет –Алынған ақпарат деректері бойынша орналастырылған


Мониторингтен алынған деректер талдамасы қолданушылардың (50%) көп бөлігі дәл осы мектеп кітапханасының ақпараттарына жүгінетінін көрсетеді.

Қолданушылар неғұрлым жиі ақпараттар алу үшін мектеп кітапханасына барады: 53% - аптасына бір рет және жиі, 31% - айына бір рет және жиі, 4% күнде (2-сурет).



2-сурет – Мектеп кітапханасынан ақпараттарды алу және бару жиілігі бойынша қатысушыларды орналастыру

Мониторинг барысында педагог қызметкерлерді ақпараттандырудың неғұрлым тиімді формасы көрінеді (3-сурет):



3-сурет – Педагогикалық қызметкерлерді ақпараттандырудың неғұрлым тиімді формасын орналастыру

Қолайлы ақпараттық тізімдер – 32%, тақырыптық кітап көрмелерін таңдаған педагогтер – 23%, библиографиялық шолуға – 16% сауалға қатысушы.

Педагогтер жеке (45%) және топтық (38%) ақпараттандыруға артықшылық бергені байқалды. Мұғалімдер не бары 16% педагогикалық кеңесте, жедел және өндірістік жиналыстарда т.б. жаппай ақпараттандыру қолайлы деп санайды. Мектеп кітапханасында педагогтердің неғұрлым көп бөлігі келесідей ақпараттар материалдарын пайдаланады:

- оқытудың қазіргі заманғы жаңа технологиялары мен әдістері;
- пәнді оқытудың технологиялары мен әдістері бойынша материалдар;
- білім алушылардың дағдылары мен қабілеттері, білімдерін тексеру үшін материалдар;
- Қазақстан туралы оқытуда өлкетану, өлкетанулық аспектілер бойынша материалдар [15].

Мектеп кітапханасы жұмысының жаңа тәсілдеріне қарамастан мектеп кітапханасында жұмыстың негізгі ұйымдастырушылық түрлері өз маңызын

жойған жоқ: көрме, тақырыптық сөре, ертеңгілік, ауызша журнал, кездесу кеші, оқырмандар конференциясы, дискуссиялар т.б.

Мектеп кітапханасындағы оқу жұмысының әдістері мен формалары жеке немесе бұқаралық ретінде мынадай, ұсыныс сұхбаттар, кітап көрмелері, оқыған кітаптары туралы әңгіме, оқыған кітаптары мен мақалаларын талқылау, әдебиеттерге шолу, анықтамалықтар, оқырмандар конференциялары, кеңестер, ауызша журналдар, әдеби ойындар, таныстырулар өз маңызын сақтаған.

3 Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы мектеп кітапханалары қызметін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдері

Бүгінгі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер, қоғамның өркениеттік деңгейге жоғарлауы, ашық ақпараттық кеңістікке өту кітапханалардың жаңа бағытта жұмыс істеуін талап етеді. Мектеп кітапханашысының басты мақсаты заман ағымына сай жаңалықта болуы. Ақпараттық жаңа технологиялар мен интернет жүйесі дамыған уақытта оқырмандарға дәстүрлі қызмет көрсетумен қатар, ақпараттық телекоммуникациялық қызметтің сан алуан жолдары арқылы оқырмандарға қызмет көрсету кітапхана жұмысының күнделікті іс-әрекетіне айналуы тиіс. Кітапханалық-библиографиялық жұмысына электронды каталогтарды ұйымдастыру, құжаттарды цифрлық жүйеге енгізу, ақпараттық-анықтамалық жұмыстарды электронды жүйеге көшіру кітапхана ісін заман талабына сай сәйкестендіреді. Электронды каталогтарды ұйымдастыру, құжаттарды цифрлық жүйеге енгізу, ақпараттық-анықтамалық жұмыстарды электронды жүйеге көшіру жұмыстары жолға қою. Кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету және кітапхана қызметтерін жарнамалауда Интернет пен веб-сайттарды қолданудың маңызы ерекше болып отыр.

Қазіргі таңда Веб 2.0 технология үлкен танымалдылыққа ие, осы технологиямен дайындалынған порталдар мен сайттар білім беру үдерісі субъектілерінің өзара әрекеттестігі үшін үлкен интерактивті мүмкіндіктерді ұсынады. Осы технологияға Moodle (www.moodle.org), Atutor (<http://www.atutor.ca>), Dokeos (<http://www.dokeos.com>), OpenUSS (<http://www.openuss.org>), Sakai (<http://sakaiproject.org>), ILIAS (<http://www.ilias.de/index.html>) секілді және т.б. танымал CMS-терді жатқызуға болады. Қазіргі уақытта білім беру ұйымдары үшін сөрелер, оқырмандарға өздік жұмыс жасауға мүмкіндік беретін компьютерлік техникалармен, байланыс құралдары мен компьютерлік техникалармен жеткіліксіз жабдықталған. Электрондық және сандық білім беру ресурстарымен жинақталмаған. Сандық білім беру ресурстары дегеніміз пәндер бойынша интерактивтік нысанда оқытуды қамтамасыз ететін сандық дидактикалық материалдар. Оларға фотосуреттер, бейнефрагменттер, статистикалық және динамикалық моделдер, виртуалдық нақты және интерактивті моделдеу объектілері, дыбыстық жазбалар және басқада оқу материалдары жатады.

Қазіргі кітапхананың басты міндеті өз оқырмандарына жаңа электронды қызмет түрлерін ұсыну. Сонын аясында «Құжаттарды электронды түрде жеткізу», «Кітап мерзімін онлайн режимінде ұзарту», «Кітапханашыға сұрақ», «Виртуалды анықтама қызметі» қашықтықтан онлайндық анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсету.

Заманауи мектеп кітапханасы – шығармашылық пен зияткерліктің даму ортасы. Сондықтан, жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында еліміздің санаулы мектептерінде инновациялық тәсілдерді енгізу арқылы кітапхана оқырмандарына қазіргі заман талаптарына сай қызмет көрсету жұмыстарын бастады.

Кітапхана – білім іздеген адамдардың шаңырағы. Шаңырақ елдің елдігін танытып, берекесін ұйытатын басты ұлттық құндылықтардың бірі, бірлік пен татулықтың белгісі. Алдына мақсат қойған білім алушылардың басын қосып, электронды білімдерін жетілдіру мақсатында оқу курстары мен тренингтер ұйымдастыру арқылы өскелең ұрпақты кітапхана тартудың да маңызы ерекше болып отыр. Білім алушылар кітапханада компьютер және интернетпен жұмыс істеуді үйренеді. Электронды білім оларға интернет арқылы жұмыс орнын іздеуге, әртүрлі әлеуметтік желілерді және электронды үкіметтің онлайн қызметтерін пайдалануға зор септігін тигізері сөзсіз. Кітапхана саласында қолданылып жатқан жаңа ақпараттық технологиялар, электрондық ресурстар, пайдаланушыларға қызмет көрсетудің жаңа формалары, кітапхана қорларын электрондық форматта сақтау – бұл бүгінгі күннің белесі. Әлемдік ақпараттандандыру және қоғамды компьютерлендіруге деген тенденция компьютерлік сауаттылыққа үйрету, ақпаратты қоғам технологияларына, ақпараттық ресурстар мен қызмет көрсету жүйесін ұйымдастыру және пайдалануда әртүрлі ақпараттарға көп аспектілі және жедел түрде кіруді қамтамасыз ету басты мәселе. Заманауи мектеп кітапханаларының басты міндеті біртұтас электрондық кітапханалық жүйені қалыптастыру, автоматтандыру жұмыстарын кеңейту.

Электронды каталог – ақпарат іздеудегі басты құрал. Электронды каталогты қолдану кітапхана оқырмандарына қызмет көрсету мүмкіндігін кеңейтеді, сонымен қатар электронды каталогты пайдалану арқылы кітаптар, мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі электронды басылымдарды жылдам тауып, табылған әдебиеттер тізімін басыпшығаруға болады:

- электронды каталог (ЭК) дәстүрлі карточкалы каталогпен қатар жүргізіледі және кітапхананың анықтама-ізвестіру аппаратының құрама бөлігі болып табылады;

- электронды каталог кітапхана қорларының ғылыми және толық мазмұнын ашады.

Бүгінгі мектеп кітапханасының материалдық қорының жағдайы, техникалық жабдықтары, Интернетке қол жетімділігі, автоматтандырылған кітапханалық бағдарламасының болуы (РАБИС, ИРБИС т.б.), бағдарлама болған жағдайда электронды каталогтың болуы заңдылық. АИБС «МАРК-SQL» бағдарламасы негізгі кітапханалық қызметтерді кешенді автоматтандыруды қамтамасыз ететін мектеп кітапханаларына арналған бағдарлама. АИБС «МАРК-SQL» бағдарламасы қорды әдебиеттермен толықтыру, түскен басылымдарды ғылыми және техникалық өңдеуден өткізу, оқырмандарға қызмет көрсету, анықтама-ақпараттық қызмет, кітапхана қорын есепке алу жұмыстарын жүргізеді [16].

АИБС «МАРК-SQL» бағдарламасы:

- кітапхана қорындағы кітаптардың, оқулықтардың және басқа да ақпарат көздерінің электронды каталогын құруға;

- қашықтықтағы деректер базасына кіру мүмкіндігі;
- мектептің құрылымы және әр сыныптың оқшылар саны жөніндегі мәліметтерді енгізу арқылы оқулықпен қамтылуын анықтауға; кітап беру есебін жүргізуді автоматтандыру;
- кітапханаға сыныптар бойынша кітаптарын уақытылы тапсырмаған оқушылардың есебін автоматты түрде анықтауға;
- деректер базасында ұсынылған оқулықтар мен оқу құралдарының тізімі бойынша оқулықтарға сұраныс дайындау;
- оқушылардың оқу бағыттарын анықтау;
- тақырыпқа сай қажетті әдебиеттерді электронды каталогты, кілт сөздер тізімін пайдалана отырып іріктеу; Интернет арқылы қашықтықтағы деректер базасынан толықмәтінді және мультимедиялық ресурстарға қол жеткізу;
- АИБС «МАРК-SQL» бағдарламасы негізінен мектеп кітапханашыларына арналған.

• мұғалімдер мен оқушылар да электронды каталог қызметін пайдалана отырып қажет әдебиеттерін жедел түрде іздестіруіне мүмкіндік береді.

Ғылым мен техниканың ерекше алға басқан қазіргі кезеңінде мектеп кітапханасының қызмет көрсету ауқымы электронды ресурстармен толығыуы керек. Заманауи ақпарат тасымалдаушы технология жүйесінде де, кітапхана маңызды буын болып саналады. Мектеп кітапхана ісін автоматтандыру жүйесі оқырмандарға қажетті электронды ақпараттар қорын жинақтап, оны компьютерлік желілер мен интернет жүйесі арқылы жеткізудің негізгі құралы екені анық.

Заманауи ақпараттық кеңістікті игеру, санасын ояту, адамның жетілуіне мүмкіндік беретіні белгілі. Ауыл кітапханаларын жаңарту, жаңғырту үшін жергілікті билік органдары мен кітапхана қызметкерлерінің бірлескен іс-қимылы қажет. Кітапхана жұмысын жаңғыртуға кітапхана қызметкерлерінің белсенді болуы арқылы және мектеп әкімшілігінің оң көзқарасы жағдайында ғана кітапхананың – білім мен ақпараттың нағыз орталығына айналады.

Қазіргі уақытта кітапханашының қызметі мүлдем өзгереді деуге болады. Заман ағымына сай мектеп кітапханасы қызметін пайдаланушылардың интеллектуалды деңгейі мен сұраныстары өте жоғары, мазмұны да өзгерген. Бүгінгі кітапханашы – менеджер, ол – бағдарламашы, ол – психолог, бірнеше саланы меңгерген, дәлірек айтқанда, кітапхана ісінің дамуын алға жылжытатын, қызмет көрсетудің әдіс-тәсілін қалыптастыратын білікті маман болуы шарт. Қоғамда кітапханашы беделі жоғарылап, мәртебелі мамандық ретінде танылып келеді.

Кітапхана саласында қолданылып жатқан жаңа ақпараттық технологиялар, электрондық ресурстар, пайдаланушыларға қызмет көрсетудің жаңа формалары, кітапхана қорларын сақтау – бүгінгі күннің белгісі.

Библиографиялық қызмет көрсетудің өзінің қызмет аясы ретінде «библиографиялық ақпарат – пайдаланушы» жүйесі бар, мақсаты – библиографиялық ақпаратты оқырманға тиімді жолмен жеткізетін жағдай жасау. Оның нәтижесі ретінде құжаттар туралы мәліметтерді тарату мақсатында

жүзеге асырылған «шаралар» жиынтығын атауға болады: орындалған библиографиялық тізімдер саны, әдебиеттер тізімі, мамандар күндері, ұйымдастырылған көрмелер, әдебиеттер шолуы және т.б. Аталған барлық нәтиже көз жетерлік, есепке алуға жеңіл, және оған қарап библиографиялық жұмыс ауқымы мен сапасы анықталады. Осы процестер жиынтығы – библиографиялық ақпаратқа деген сұранысты қанағаттандыру міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мектеп кітапханасының кең жолақты Интернетке (бұдан әрі – КЖИ-ға) қосылу, электрондық білім беру жүйесі үшін жабдықтармен қамтамасыз ету және жеткізушілердің қызмет көрсетулерін таңдау мемлекеттік сатып алу саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілетін болады [17].

Әлемдік инфрақұрылымды өзгерткен техникалық жаңалық гипермәтіннің жасалуы болды. Интернеттің бар мәліметтерінің, яғни барлық Web-парақтарының бір ортақ қасиеті – олардың барлығы да HTML тілінде жазылған. HTML тілінде Web-парақтарды жасау бағдарламалауға ұқсас болғанмен, ол қарапайым бағдарламалау тілі емес. HTML – гипермәтіндік белгілеу тілі. Ол кәдімгі мәтіндерді Web-парақтар түрінде бейнелеуге арналған ережелер жиынын анықтайды. Гипермәтін – өзара байланыс жасайтын кез келген жерге орналасқан құжаттардың арасындағы байланыс. Гипермәтін немесе гипермәтіндік құжат басқа ресурстарға сілтеме бола алады, таңдалған жүйелілік ізімен мәтін элементін қолдана отырып, басқа құжатқа өте алады. Бүгінгі таңда Интернет әлемдік желілік құрылымына қолданушылардың белсенді қосылуы жүріп жатыр. Уақыт кітапхананың өз ауқымында өзіндік қорларын мың есе арттыратын толықмәтіндік (гипермәтіндік) базаларға қол жеткізуді ұйымдастыру қажеттілігін мәжбүрлеп отыр. Гипермәтін мен гипермедианың мүмкіндіктері электрондық ресурстар жасауда тиімді қолданылып келеді. Гипермәтіндік басылымдардың көптеген түрлері бар. Олардың бір бөлігі – білім беру мақсатында қолданылатын кәдімгі қағаз басылымдар дубликаты.

World Wide Web (WWW) – Интернет желісі арқылы ақпаратты қабылдауды жеңілдететін мәтін, графикалық иллюстрация, дыбыстық фрагменттер және анимациялар біріктірілген құжаттармен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін технологиялар. Жалпы алғанда, WWW Интернет желісі қызмет ететін коммуникациялық негіз, ауқымды гипермәтіндік орта. Олардың көмегімен, барынша үлкен қашықтыққа ақпараттың кез-келген көлемін жедел беруге, үлкен көлемді ақпараттарды компьютердің жадында оларды кез-келген уақытта қағазға шығарып алу мүмкіндігімен, ұзақ уақытқа сақтауға, интерактивтік байланыс көмегімен жедел кері байланыс орнатуға, Интернет желісінің арқасында түрлі ақпарат көздеріне еркін қол жеткізуге болады. Білім беруде Интернет желісінің электрондық пошта, телеконференция, жіберу тізімдері (Mailing lists), электрондық оқулықтар, электрондық кітапханалар, WWW де ақпарат іздеу сияқты мүмкіндіктері кең қолданылып жүр.

Электрондық пошта көмегімен берілген кез-келген қашықтықтағы адреске ақпараттың барлық түрлерін жіберуге болады. Білім беру саласында

электрондық пошта көмегімен бір мақсатта білім алатын түрлі топтардың өзара байланысы жүзеге асырылады. Олар республиканың әртүрлі өңірлерінде немесе әлемнің түрлі елдерінде отырып, оқу, іздеу немесе зерттеу сипатындағы өзіндік жұмыстарын жүргізе алады. Әлемдік гипермәтіндік орта (WWW) көмегімен білім беру ұйымдары өз қызметтері жайлы ақпараттарды жариялай алатын, WEB-беттер құру арқылы практикалық, ғылыми, әлеуметтік потенциалдарын жариялау мүмкіндіктеріне ие болады. WEB-беттер көмегімен қажетті ақпаратты іздестіруді жүргізуге болады. WEB-технологиялар Интернет желісінің кез-келген ресурстарына жеңіл қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Интернет, телекоммуникациялық желілер медиатека абоненттеріне әлемдік ақпарат ресурстарына қол жеткізуге, электрондық жәшіктер – елдегі және шетелдегі құрбыларымен қарым-қатынас жасауға мүмкіндіктерін береді. Осындай медиатека жұмыс тәжірибесі көптеген елдерде бар.

Мәселен, Польшада кітапхана атауы өзгеруде: мультимедиялық ақпарат орталығы, кітапханалық-ақпараттық орталық, ақпараттық-білім беру орталығы, мектеп ақпараттық орталығы, медиатека, өздігінен білім алу, ақпарат орталығы, мектептің кітапханалық-ақпарат орталығы немесе ақпарат қорлары орталығы. Ең маңыздысы мектеп кітапханасы жаңа сапада мектептегі оқу процесінің нақты тірегі болып отыр. Олар оқырманға кітапхананың дәстүрлі құжаттары мен мультимедиялық оқу құралдарын, сонымен қатар ақпараттарға қол жеткізу мен Интернеттегі оқу материалдарын ұсына алады.

Сондықтан заманауи мектеп кітапханасына Интернет-залдардың болуы маңызды. Кітап қорында жоқ материалдарды, қосымша іздену мақсатында интернет желісі қосылса өте орынды. Интернет-зал құрал-жабдықтармен, үзіліссіз қорек желісімен, телефон және факсимилдік аппараттармен, телефон желісімен, мини АТС және жиһаздармен жабдықталуы қажет. Электрондық ресурстар залы– бұл электрондық ғылыми ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігі. Заман ағымына сай еліміздегі бірқатар мектеп кітапханалары, қорларын электрондық жүйеге көшіріп жатқан болса бұл үлкен жетістік. Мектеп кітапханалары бірнеше халықаралық электрондық кітапханалармен (АБИС ИРБИС, SCOPUS), каталогтармен (Elsevier) жұмыс жасап байланыса алатын еді. Өзінің де электрондық қоры ашық, жалпыға бірдей қолжетімді болады. Қорларды пайдалану, іздестіру механизмдері қазіргі кітаптардың каталогын жасау кезінде қолданатын параметрлерден тыс палеографиялық, археографиялық, кодикологиялық, лингвистикалық ерекшеліктерін де қамти алатын болады. Электрондық кітапханадан кітаптар, анықтамалықтар, сөздіктер мен журналдарды тегін электрондық түрде жүктеп алуға болады. Навигацияның ыңғайлы болуы үшін авторлардың алфавиттік каталогынан басқа шығарманың алфавиттік каталогына қол жеткізуге болады, яғни, кітаптарды алфавиттік тізімдер (www.bookz.ru) бойынша іздеуге болады. Мектепкітапханасы Интернет арналары арқылы оқырмандарға кітаптардың электронды көшірмелеріне қол жеткізу мүмкіндігімен қамтамасыз ету керек (4-сурет). Сондықтан да кітапхана міндеті мектеп қауымдастығына жедел ақпарат алуына жағдай жасау. Кітапхана жаңа заманауи озық технологиялық

жабдықтармен жабдықтау міндетті болып табылады.



4-сурет – Мектеп кітапханасының Интернет-залдары

Мектеп медиатекасы дегеніміз әртүрлі нысандағы құжаттарды жинақтаған және қажетті арнайы құрал-жабдықтармен және техникалық құралдарды пайдалана отырып, оларды пайдаланушыларға жоғары деңгейде ұсынатын қазіргі заманғы озық кітапхана. Кітапхана – медиатека мектептің жергілікті жүйесінде бола отырып, әлемдік ақпараттар қорына шығуға жол ашады. Барлық кітапхана-медиатекалар үшін басты медиаматериалдар қорын қалыптастыру ғана емес (бұл жұмысты осы немесе басқа шамада барлық кітапханаларға жүргізу керек болады), медиамәдениет, медиасауаттылықты дамыту мен қалыптастыру жұмыстары да тұр. Бүгінгі таңда «кітапхана-медиатека», «кітапханалық медиаорталық» атауымен қатар «медиатека», «мультимедиялық оқу орталығы» ұғымы бар. Мектеп кітапханаларында компьютерлік залдар, бейнетекалар басты қажеттілік болып отыр. Оларды құру технологиясы мен жұмысын ұйымдастыру әлі қалыптасу кезеңінде, бірақ олар басқа да кітапханалардың айнасына айналып оқырмандарды қызметтің жаңа түрлерімен жұмылдыруда.

Мектеп кітапханашысының кәсібі өзгеруде. Кітапханашы-медиамаманның аудиовизуалды және электрондық құжаттар, жаңа технологиялармен жұмыс істеу қабілеті болуы қажет. Ақпараттық орталық кітапханашысы ақпараттарды

талдамалы-жинақтамалы өндеу және оны жасау мен тарату әдістерін игеруге міндетті, педагог-кітапханашыда педагог кәсібіне қатысты барлық дағдылар болуы керек. Мектеп кітапханасы үшін жалпы пайдаланушыларға баспа ғана емес, сонымен қатар электрондық ақпараттарды тиімді қолдану дағдыларына үйрету де, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда оның қызметіне жатады. Педагог-кітапханашы белгіленген біліктілік сипатына сәйкес ақпараттық ресурстар және кітапхана қорымен жұмыс жасауынан басқа педагогикалық жұмыс міндетіне ауысады. Ол бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру беру бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысуы, сонымен қатар білім алушылардың қосымша білім алуын жүзеге асыру, үйірме, клубтық және басқа да жұмыс формаларының ақпараттық-кітапханалық қызмет түрлері мен әдістеріне, инновациялық технологияларды игеру, сөйлем және ақпараттық мәдениетінің дамуы, әдебиетке қызығышылығын қолдау, оқуының жоғарылауы, тәрбиеленушінің мәдени дамуына да байланысты болуы мүмкін.

Мектеп кітапханасының болашағы әрбір нақты білім беру ұйымдары, білім беру жүйесінің ішкі қажеттіліктері мен сыртқы ортаның өзгерістеріне бейімделу икемділігіне, инновацияларды меңгере алуына көп байланысты.

Кітапханалық-ақпараттық қызметтің ортақ міндеті қоғам мүшелерінің ақпараттық қажеттігін қанағаттандыру болып табылады. Сондықтан ақпараттық қажеттіліктер ерекшелігін зерделеу кітапханалық-ақпараттық қызмет жүйесін жасаудың негізі іспеттес. Ақпараттық қажеттіліктер туралы мәліметтер ақпарат қорын жасақтаумен сақтауды ұйымдастыруда, ақпараттық, ақпарат пайдаланушыларына кітапханалық – библиографиялық қызмет көрсету процестерінде және тағы басқа ақпараттық-кітапханалық қызмет жүйесінің маңызды кезеңдерінде пайдаланылады.

Мектеп кітапханасының негізгі бағыттары:

- азаматтардың конституциялық құқығы мен кітапхананы пайдалану нормаларына сәйкес ақпараттар алуына жағдай жасау;
- кітапхананың кітап қорын бүгінгі заман талабына сай деп саналатын маңызды, құнды басылымдармен толықтыру;
- жаңа ғасырдағы тұлғалардың қалыптасуына, адамзат баласының рухани дамуына, білімді ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу;
- кітапхана ісіндегі ақпараттық автоматтандыру процестерін жетілдіріп, ақпараттық ресурстар құру, дерек қорларды толықтыру;
- жаңа технологиялық қызмет көрсету, электронды құжаттар жеткізу қызметінің белсенділігін арттыру.

Кітапхана саласын жаңғырту ақпараттық қоғамның жалпыәлемдік даму тенденциялары есебімен жаңа ақпараттық технологиялар негізінде Қазақстан халқының бәсекеге қабілетті ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсетуін қалыптастыру болып табылады. Қоғамның интеллектуалды бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру мен еліміздің мәдени және ақпараттық тұтастығын қамтамасыз етуде кітапхана рөлін нығайту, білім деңгейі, әлеуметтік жағдайы, тұрғылықты жеріне қарамастан Қазақстанның әрбір азаматына әлемдік

ақпараттық ресурстар, демократиялық мүмкіндіктеріне қамтамасыз ету маңызды.

Мектеп кітапханасы саласын жаңғырту талаптарына келесідей міндеттерді орындауды қамтамасыз етеді:

- 1) кітапхана ісінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;
- 2) кітапханашылардың кәсіби дамуымен кадрлық мәселелерді шешу;
- 3) кітапханалардың ақпараттық, электрондық ресурстарын біртұтас ақпараттық жүйеге біріктіру, кітапхана қызметін, электрондық ақпараттық ресурстардың өсуіне жәрдемдесу;
- 4) мектеп кітапханасының кешенді дамуы үшін жағдай жасау.

Кітапхана қызметін, электрондық және басқа да ақпараттық ресурстарды дамыту

Ақпараттық ресурстарды интеграциялау мәселесі кітапханалардың ары қарайғы дамуының негізгі көзқарастары тұрғысынан мойындалуы керек, біртұтас ақпараттық кітапханалық компьютерлік желіні жасау, Қазақстандық ұлттық электрондық кітапханалар және басым жобаларының болуы «Қазақстан кітапханалары» мемлекеттік электрондық кітапхана қорларының қалыптасу перспективалары дәл осымен байланысты болады. Халықтың көп бөлігіне ақпаратты жеткізу үшін кітапхана салаларын жаңғырту кезеңінде өңірлік, ұлттық кітапханалардың толықмәтіндік және электрондық библиографиялық ресурстарын бірыңғай жүйеге біріктіру қажет. Бұл еліміздің ауылдық, шалғай жерлерінің тұрғындары үшін ақпараттарға қолжеткізуге неғұрлым кең мүмкіндіктер беру. Кітапханалық қызмет көрсетуді жетілдіру, бүгінгі күннің талабына сай, тақырыпты электрондық базалар құру, оқырмандардың сұранысын толығымен қанағаттандырады.

Пайдаланушыларды стационарлық режимде, сонымен қатар қашықтықта ақпараттарға қолжеткізу, азаматтардың ақпараттық теңсіздігін жою мақсатында, кітапхана қорларына есеп жүргізу, сақтау, қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатында, кітапхананың корпоративтік және басқа да автоматтандырылған жүйесі мен технологияларын енгізу және әзірлеу бойынша жұмыс жүргізетін, кітапханалық процестерді автоматтандыру және жаңа технологияларды енгізу орталықтарын жасауды жоспарлау қажет.

Біріктірілген ақпараттық электрондық қызметті дамыту үшін басым бағыттар:

- «Қазақстан кітапханалары» мемлекеттік электрондық кітапхана қорларының ақпараттық-танымдық веб-порталы жобасын жасау;
- «Қазақстанның саржал беттері» журналын шығару (қазақстандық сайттар каталогы), «электрондық үкімет» порталына журналдың электрондық нұсқасы орналастыру;
- екі шрифте және электрондық нұсқада «РБНСГ-Жарғысы» газетін шығару;

- ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы жанынан бірыңғай виртуалды анықтамалық қызметін енгізу болады.

Мәдени мұраның бөлігі ретінде кітапхана қорының сақталуын қамтамасыз ету

Осы бағытты жүзеге асыру мақсатында:

- кітапхана қорының қауіпсіздігі мен сақтау жағдайлары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлау;
- кітапхана қорын консервациялау мен қалпына келтіру, пайдалану мен сақтаудың нормативтік режимін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;
- «Ұлттық мұра» ақпараттық-танымдық веб-порталды жандандыру мен қамтамасыз ету және жасауды ұйғару;
- арнайы кітапханалардың құжаттарын жаңғырту және қалпына келтіру орталығын құру керек.

Кадрлық қамтамасыз ету және біліктіліктерін арттыру

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, электрондық коммуникациялар кезеңінде кітапханашы кітаптарды сақтаушы немесе оқырман қажеттілігінің білгірі ғана емес, сонымен қатар сандық технологиялар саласының маманы, кітапханалық-ақпараттық салада маркетинг, менеджер, ақпараттық мәдениет жетекшісі де болуы керек. Осыған байланысты кітапханашы қызметкерлеріне үнемі кәсіби білім, білік, дағдыларын жетілдіру қажеттілігі туады.

• кітапхана қызметкерлеріне қоғамның жаңа талаптарына білім, білік, дағдыларын бейімдеу мақсатында кітапханашы мамандықтарын даярлауға және біліктіліктерін көтеруге мемлекеттік тапсырыстарды жасау;

«Кітапхана саласындағы қызметкерлердің жергілікті және республикалық деңгейде біліктіліктерін арттыру және қайта даярлау» бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы бюджет шығындарын экономикалық классификациялау құрылымына ұсыныстар енгізу;

• кітапхана қызметкерлерін алыс-жақын шет мемлекеттерге оқу немесе тағылымдамадан өтуге жіберіп отыру қажет.

Мектеп кітапханашысы мектеп кітапханасын басқару мен жұмысын жоспарлауға жауап беру, басқа да көпшілік кітапханалармен байланыс орнату және мектеп қауымдастығының барлық мүшелерімен жұмыс жасап, тиісті қызметкерлерге көмек көрсететін кәсіби білікті маман болып табылады. Әрине әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мектеп кітапханашысының рөлі мектепте оқыту әдістемесі мен оқу бағдарламаларына, бюджетке байланысты өзгеріп, ұлттық қаржылық құқықтық жағдайлармен реттеледі. Мектеп кітапханашысы нақты жағдайлардың ерекшелігінде ең маңызды болатын өз кітапханасының функциясын дамыту мен оларды басқара білу: кітапхана ісі, ресурстар, ақпараттарды басқару мен сәйкес дағдыларға үйрену т.б.білімінің жалпы салалары қолданылады. Мектеп кітапханашылары неғұрлым көп тораптар пайда болған жағдайда соған сәйкес оқыту мен жоспарлау саласында білімдері болуы керек. Сондықтан да мектеп кітапханашылары кәсіби даярлығы мен

біліктіліктерін үнемі арттырып отыру қажет.

Әлемдік ақпараттық кеңістікте білімдегі кітапханалардың қатысуын нығайту және халықаралық ынтымақтастығы

Бұл бағыттар екі және көпжақты халықаралық кітапханалық ынтымақтастықты көтермелеу жолымен, қазақстандық кітапханаларды халықаралық кітапханалық, ақпараттық және мәдени жобаларда жүзеге асуы керек. Кітапханалар еліміздің біртұтас мәдени, ақпараттық кеңістігін құру, жоғалтқан мәдени және ақпараттық байланысын қалпына келтіру, ақпараттық ресурстарын халықаралық ақпарат желілерімен интеграциялау, қазақстанның өңірлерін шет мемлекеттермен тура ақпараттық байланысын орнату негізгі буын болуы керек. Қазақстандық мамандар Еуропа Кеңесі, Еуропалық комиссия, ИФЛА, ЮНЕСКО т.б. халықаралық ұйымдарының жұмыс тобының қызметтеріне, сонымен қатар олар ұйымдастыратын халықаралық форумдар мен тағылымдамаларға қатысатын болады. Әлемдік ақпараттық кеңістікті интеграциялау мақсатында халықаралық оқылым Конгресін өткізуді жоспарлауда.

Материалдық-техникалық қамтамасыз етуін дамыту мен нығайту

Кітапхана саласы материалдық-техникалық қамтамасыз етуде маңызды өзгертулерді талап етеді. Заманауи кітапхана-ақпараттық қызметін ұсыну үшін кітапхананың пайдаланушылар мен оқырмандарға тиісті жағдай жасау, қорларды сақтау үшін жағдай жасау қарастырылады. Заманауи байланыс арналары арқылы қазақстандық және әлемдік ақпараттық ресурстарға қолжетімді ауылдық, қалалық және облыстық кітапханалардың заманауи үлгілік моделдері әзірленеді. Осыған байланысты кітапхананы материалдық-техникалық қамтамасыз етуді дамыту мен нығайту үшін қаржыландыруды кезең-кезеңімен арттыру қажеттілігі туындайды.

Кітапхана саласын жаңғыртуды іске асыруда күтілетін нәтижелер:

- 1) кітапхананың даму жағдайын айқындайтын нормативті-құқықтық актілерді әзірлеу;
- 2) заманауи байланыс арналары арқылы қазақстандық және әлемдік ақпараттық ресурстарға қолжетімділік, мектеп кітапханасының үлгілік моделдерін құру;
- 3) халыққа кітапханалық-ақпараттық қызметтерді қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін және үнемі дамитын жүйесін қалыптастыру;
- 4) мүмкіндігі шектеулі және басқа да халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарына ақпараттарға қол жеткізуге үшін жағдай жасау;
- 5) Интернет желісінің қазақстандық ақпаратпен толықтырылу үшін кітапханалық тақырыптық танымдық веб-порталын жасау;
- 6) бірыңғай ақпараттық жүйеге кітапхананың ақпараттық ресурстарын біріктіру;
- 7) кітап қорлары қауіпсіздігі мен сақтау жағдайларына зерттеу жүргізу;
- 8) кітапханашылардың кәсіби белсенділігі мен біліктіліктерін арттыру үшін

жағдай жасау.

Мектеп кітапханасының қызметі және басқару:

- мектептің оқу бағдарламасына байланысты қызметі, басымдықтары мен жоспарлы мақсатында мектеп кітапханасының міндетін айқындайтын саясаты қалыптастырылуы керек;

- мектеп кітапханасының жұмысы кәсіби нормаларына сәйкес жүзеге асып, ұйымдастырылуы қажет;

- мектеп кітапханасы ұсынатын қызметтер мектеп қауымдастығының барлық мүшелеріне қол жетімді болуы қажет және кітапханалар жергілікті халық қажеттілігімен жұмыс істеуі керек;

- мектеп кітапханасының мұғалімдер, мектеп басшылығы, әкімшілікпен, ата-аналармен, басқа да кітапхана қызметкерлер, ақпарат саласындағы мамандармен ынтымақтастығын мадақтау.

Мектеп қызметкерлері, басшылары мен мектеп кітапханашыларына мектеп кітапханаларын аса тиімді даму бағдарламаларын құруға көмектесу мақсатында Колорадо штатының білім департаментінде құжат дайындалды. Құжатта мектеп кітапханаларының дамуы және олардың бағдарламаларын бағалау үшін төрт деңгейді ұсынады:

- кітапхана аса тиімді, ол жоғары сапалы жұмыстың үлгісі;
- кітапхана жұмысының толық және көпшілік бағыттары тиімді;
- кітапхана үдемелі, жағымды дамушы. Ол дәйекті түрде қызмет саласындағы жеткіліксіз дамуын жетілдіру, тиімді дамуда алға жылжиды;
- кітапхана тиімсіз, ол заманауи шынайылықтан қалуда, мүмкін оның дамуы қандай да бір кедергілерді тежейді.

Бағалау үшін жұмысының негізгі алты бағыттары ұсынылған «Оқыту, оқу ортасы», «Кітапхана қызметкерлері», «Мектеп кітапханасы дамуының бағдарламасын қолдау», «Көшбасшылық», «Басқару және ресурстар» және «Кітапхана қауымдастығы».

Кітапхана қорын жаңарту барысында әдебиеттің көкейкестілігі, жаңалық, ғылыми және көркемдік құндылықтарын ескеру қажет. Кітапханашылар қолданыстағы нормативті-құқықтық базаларды білуі керек.

Заманауи мектеп кітапханасы ақпарат жинақтаушы және сақтаушы, білімдер жиынтығының қуат көзі тәріздес. Бүгінгі күні кітапханалар саласының көбі ақпараттық-кітапхана орталықтары ретінде қызмет ету үстінде. Осы тұста дәстүрлі ұйымдастырылған кітапханалар қызметінен басты айырмашылығы – заманауи мектеп кітапханасына мектепшілік ақпарат пен кітапхана қызметін басқару үрдісін енгізу. Мектеп кітапханасы басқа құрылымды бөлімшелерге көмек көрсете отырып, мектептегі ақпараттық деректерге бірыңғай анықтама-библиографиялық аппарат жасай отырып, жаңа, дәстүрлі емес ақпарат тасымалдаушыларды қордың құрылымдарына қоса отырып, өз құзыреттілігіне ұйымдастырушы және үйлестіруші қызметтерін жүктеу.

Бүгінгі таңда білім беру процесінің қатысушылары: кітапханашы, педагогтер, оқушылар – баспа ретінде, сонымен қатар электрондық ресурстар көмегімен толық және жедел ақпарат алуға тырысады. Ақпаратты тез таба білу, оны бағалау және өз мүддесіне қолдану әр адам үшін қажетті дағдысына айналды.

4 Мектеп кітапханалары ресурстарын дамыту

Қазіргі кезде жалпы білім беретін ұйымдарда мектеп кітапханасын толықтыруға байланысты көптеген мәселелер орын алып отыр. Мектеп кітапханасының ресурстық базасы жеткіліксіз қаржыландыруына байланысты кітап және ақпараттық нарық мүмкіндіктері жағынан едәуір артта қалып келеді. Бүгінгі таңда мектеп кітапханасы бос уақытта кітап оқу мен ағымдағы оқу процесін қамтамасыз етіп қоймай, білім беру ұйымдарындағы жаңартылған білім беруді ақпараттық, тәрбие орталығының ресурстық базасы болып табылады. Яғни мектеп кітапханасы тек ақпаратты сақтау орталығы емес, сонымен бірге оқырманға ақпаратты пайдалануға жағдай жасау қажет. Мектеп кітапханасының міндеті пайдаланушылардың сыни ойлау және барлық ақпараттар түрлерін тиімді қолдануына түрткі бола отырып, барлық мектеп қауымдастығына оқу бағдарламаларын, кітаптар және басқа да ақпараттық ресурстарды ұсыну.

Ақпараттандыру арнасында мектеп кітапханасының (барлық білім беру процесіне қатысушылары – оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар) әлеуметтік белсенділігінің жеке аспектілері өзгеріп дамиды. Осылайша академиялық еркіндік және біртұтас оқу бағыттылығымен электрондық ресурстар базасы арқылы оқушылардың жеке тұлғасын дамыту мәселелерінің шешімдерін тоғыстыратын жиынтықтарын жасау қажет болып отыр. Онда мектеп кітапханасының желілік өзара әрекеттестігі тиімді. Бұл технологиялық, әлеуметтік-ақпараттық және педагогикалық жүйе мектеп кітапханашысының функционалдық міндеттерін әртараптандырады, яғни бір жағынан мектеп кітапханашысының міндеті мен дәстүрлі миссиясын үйлестіру арнасында әдіскер, жүйелік әкімші интернет-жобалар модераторы міндеттерімен, екінші жағынан мектеп педагогы міндетімен педагогтық құзыретін жүзеге асыру арнасына алмастырады. Мектеп кітапханашысы бұл қызмет бағыттарына жетекшілік және мектеп кітапханасының желілік өзара әрекеттестігінде бірлескен мектеп тобына басшылық етеді.

Отандық педагогиканың озық өкілдері оқушылардың оқудағы жетістіктерінің деңгейін жетілдіруге кітапхана ресурстары мазмұнының ықпалына көңіл аудара отырып, мектеп кітапханасы қашанда оқу-тәрбие процесінің маңызды буыны ретінде қарастырған. Білім беру ресурстарының (оқулықтардың жеке топтамасы, жұмыс дәптерлері – жеке қолданатын құжаттық білім беру ресурстары, ОӘК басқа элементтері) жеке жүйесін қалыптастыру үрдістері күшейтілетін, бүгінгі таңдағы оқу ақпараттарына үнемі қол жеткізудің бірден-бір шарттары болып табылады.

Кітапхана тез қарқынмен дамып келе жатқан ақпараттық-білім беру кеңістігінің бөлігі. Кітапхана ақпараттық ресурстарды жинақтау мен олардың қолжетімділігін қамтамасыз ететін мәдени және білім беретін, ғылыми және көмекші әлеуметтік институт болып табылады. Ақпараттық ресурстық кең таңдауы бар жағдайда жас оқырмандарды ақпараттық ізденістің оқудың ерекше типіне – жылдам оқу, түрлі белгі-символдық белгілерді түсіну және шифрын

шешу қабілетіне негізделген әдістемесіне үйрету маңызды екені даусыз. Білім берудің жаңартылған мазмұны контексіндегі ең негізгі міндеттердің бірі – оқушылардың ақпараттық мәдениетін көтеруді жетілдіру, олардың оқу дағдыларын меңгеруіне, өз бетінше білімін тереңдетуіне ықпал жасау. Білім сапасының жаңа жетістіктеріне қол жеткізетін маңызды ақпараттық ресурстар орталығы ретінде мектеп кітапханасының кітапханалық кеңістікте алатын орны ерекше. Мектеп кітапханасы біріншіден, оқу үрдісін қажетті ақпараттармен және құжаттармен қамтамасыз ететін болса, екіншіден, ол арнайы кітапхана, үшіншіден сол мектептің бүкіл педагогикалық жұмысын, мектеп оқушыларын мектеп бағдарламасына қосымша және бағдарламадан тыс ақпараттармен қамтамасыз ете отырып, көпшілік кітапхана қызметіне де жақындайды.

Білім беруді жаңғырту кітап нарығы, білім беру мен кітапханалық-ақпараттық қызмет нарығын қалыптастыру аясынан шығады. Сондықтан да білім беру ұйымдарында (бірінші кезекте мектептегі) кітапхана міндеті күрт ұлғайып, күрделенеді. Мектеп кітапханасы әлеуметтік институт ретінде бүгінгі таңда дамудың бірнеше эволюциялық сатылары арқылы серпіліс жасау керек. Заманауи жағдайда мектеп кітапханалары жаңа сапада қызмет жасау – медиаорталықтарға айналуы қажет. Дәстүрлі кітап қорлары бар кітапханалармен қатар жаңа жұмыс орындар қызмет етеді: бейнетекалар, фонотекалар, диатекалар, ойынқоймалар. Электрондық оқулықтардың (CD-ROM) пайда болуымен кітапханада Интернет желісіне қосылған компьютерлер, электрондық каталогтар, ксерокөшірмелі техникалар болу керек. Кітапханаларды жинақтау, сақтау мен дәстүрлі, дәстүрлі емес баспаларды ұсынушы ретіндегі міндеттерінен жаңа ақпараттарды құрушы (дайджесттен, газеттер, журналдар, аудио, бейнебағдарламалар, веб-парақшалар, сайттар т.б.), яғни кітапхана-медиатекалар деп қайта құру қажет. Нәтижесінде қор құрамы өзгереді, оған аудиовизуалдық және электрондық құжаттар, сонын ішінде электрондық оқулықтар, компакт-дискілер кіреді. 2020 жылға дейін Интернет желілеріне білім беру ұйымдарының 90 %-нан астамы қосылатын болады деп жоспарлануда.

Жоғары технологиялар мектеп кітапханасында болуы тиіс оқу құралдарын өзгертті. Мәселен, электрондық оқулықтардың пайда болуы. Колумбияның федералдық округіндегі қоғамдық мектеп зерттеудің сынақ бағдарламаларын орта мектептің оқушыларына арналған оқу үшін заманауи электрондық құрылғыны (E-reader) енгізді. Оның беті (E-Ink) кітаптан үлкен емес, бірақ қағаз тәріздес экран деп аталады. Кейде оны «сиядағы экран» деп те атайды. E-Ink беті әдеттегі қағаздағы полиграфиядан жоғары әріптердің оптикалық кереғарлығын бермейді. Басқаларға карағанда (мәселен, LCD) E-Ink артықшылығы – артық салмақсыз, жұқа болып келеді. Сонымен қатар E-Ink-нің де кемшіліктері бар: оны тек жақсы және бірқалыпты жарықтандыруда ғана оқуға болады.

Білім беру процесін жаңғырту, білім беру саласын ақпараттандыруға байланысты барлық деңгейдегі балалар мен жеткіншектер үшін бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістіктерін құру, оқу, көпшілік және

балалар ресурстарын бірлесе ұйғаруда мектеп кітапханаларын мен қоғамдық кітапханаларға бірлесе қызмет атқару мәселесі өткір тұр. Қазіргі кезде заман талабына сай кітапхана ресурстарын пайдалану және білім беру процесінде оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін кітапхана кеңістігін ұлғайту аса қажет.

Мектеп кітапханасы мектеп оқушысының жаңа серігіне айналуы тиіс, олар әлемнің кез-келген жерінен қажетті ақпараттарына білу, әлемдік ең үздік білім беру ұйымдарына кез-келген уақытта қол жеткізе алатын болуы керек. Ол үшін мектеп кітапханаларының ақпараттық ресурстарын дамыту басты орын алатыны сөзсіз.

Мектеп кітапханасының білім беру ресурстары мен құралдары ретінде төмендегі тізімде көрсетілген ақпараттық ресурстары қорлары болуы тиіс:

- кітаптар, оқу және әдістемелік құралдар, көркем әдебиеттер.
- энциклопедиялар, сөздіктер, анықтамалық және танымдық әдебиеттер.
- мерзімді басылымдар.
- аудио-, бейнематериалдар.
- мультимедиялы материалдар.
- сандық онлайн ресурстар.
- толық мәтінді мәліметтер базасы.
- компьютерлік бағдарламалар.
- электрондық басылымдар мен оқулықтар.

Білім беру бағдарламаларына сәйкес әртүрлі тасымалдағыштарда ресурстармен өздігінен білім алу, білім беру процесін қамтамасыз етеді. Мектептің ақпараттық-кітапханалық ресурстарын әртүрлі тасымалдағыштарда қолдану дегеніміз:

- қағаз (кітап қоры, мерзімді басылымдар қоры);
- сандық (CD-дискілер, аудио-бейне үнтаспалар қоры);
- коммуникативтік (компьютерлік желілер) және басқа да тасымалдағыштарда.

Мектеп кітапханасы ақпарат тасымалдаушылар мен жаңа технологиялар дамуының мүмкіндігіне қарай біртіндеп көмекші және оқу әдебиет қоймасынан аудиовизуалды материалдар мен жабдықтардың үлкен таңдауы бар, компьютерлік және басқа да техникалық құрылғылармен жабдықталған әртүрлі оқу ресурстары бар, қазіргі таңда жиі медиа орталық немесе медиатека деп аталатын ақпараттық орталыққа айналуы керек.

Кітапханының бүгінгі уақытта жасалған ақпараттық, мәдени және білім беру мекемелері ретінде инновациялық даму мүмкіндіктері әлі де жойылмай отыр, заманауи мультимедиялық оқу орталықтары мен медиатеканы міндетті трансформациялаумен оның перспективалары бітпейді. ХХІ ғасырда кітапхана саласын дамыту тек республика ішінде ғана емес, халықаралық кітапханалармен байланыс орнату, пайдаланушыларға сапалы қызмет көрсету, жаңа технология, бағдарламаларды енгізу, кітапхана қорын насихаттау, кітапхана қорын пайдалану мүмкіндігін кеңейту, ақпараттық ресурстарды құру мен сақтау – бұл жаңа бағытта жұмыс істеуді талап етеді. Қазіргі заманғы

мектеп кітапханалары ақпараттар мен құжаттарға сұранысты орындау қашықтық пен сұраныстағы ақпараттың орналасқан жеріне тәуелсіз, пайдаланушылардың барлығына дерлік қолжетімді болу керек.

Мектеп кітапханасының материалдық-техникалық базасын жабдықтау мен жаңарту оны жаңғыртудың басым бағыттары болуы тиіс. Халықаралық және отандық тәжірибе көрсеткендей, заманауи техникамен жақсы жабдықталған мектеп кітапханасы қорларын жинақтау, кітапхананы қолданушыларға уақытылы неғұрлым толық қолжетімделігін қамтамасыз ету, қашықтықтан оқытудың едәуір қолдауына ие болған мектеп кітапханасы мектептің нағыз ақпараттық орталығына айналады. Мектеп кітапханасын заманауи ақпараттық қоғамның дамуы мен қалыптасу жағдайында ресурстарды интеграциялау үрдісін қамтамасыз ету мақсатында неғұрлым маңызды болып отыр.

Мектеп кітапханасының кітап қорын каталогтау мен жүйелеу олардың ақпараттық ресурстарын біріктіру ақпараттық-кітапханалық қызметтің жылдамдығын көтереді, ұсынылатын қызметтің саласын кеңейтеді, ақпараттық-кітапханалық процестердің жұмыс ауқымдылығын және оның жүзеге асыру шығындарын төмендетеді. Осы мақсатта автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйенің заманауи үйлесімділігін орта білім беру ұйымдарына кең түрде енгізілуі қажет. Оқырмандардың оқу-іздену барысында қажетті ақпаратпен жедел түрде қамтамасыз етудің бірден-бір жолы – кітапханада электронды каталогтар дерекқорының (ЭКДҚ) болуы. Электронды кітапхана электронды ресурстарын құру мақсатында оқулық, оқу құралдарының сандық жүйеге көшіру жұмысын жүргізу. Бұл электрондық каталогтар білім алушылардың оқу-іздену үрдісіне тигізетін үлесі зор, өйткені ол кітапхана қорындағы бар құжаттар туралы мәліметті жедел алуға, тақырып бойынша керекті оқулықтардың тізімін іріктеуге, жаңа түскен кітаптар мен газет-журналдарда жарияланған мақалалар туралы мәліметті жылдам тауып алуға мүмкіндік береді және оқырманның уақытын үнемдейді.

Орта білім беру ұйымдарының заманауи білім беру нәтижесіне жетудің негізгі шарттары әрбір білім беру ұйымдарында ақпараттық – білім беру (АБО) ортасының болуы – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде білім беру қызметін жүзеге асыруға арналған жағдайларын қамтамасыз ететін құралдар мен ресурстар жүйесі.

Орта білім беру ұйымдарының ақпараттық-білім беру ортасына:

- ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (компьютерлер, басқа да АКТ жабдықтары, коммуникациялық арналар) техникалық құралдарының жиынтығы;
- ақпараттық білім беру ресурстарының кешендері, сонын ішінде баспа және сандық (электрондық) білім беру ресурстары (Интернет желілерінде және ауысымды оптикалық тасымалдағыштарда);
- заманауи білім беру ортасына оқытуды қамтамасыз ететін заманауи педагогикалық технологиялар жүйесі жатады.

Орта білім беру ұйымдарының АҚЖ (ақпараттық коммуникациялық жүйе) мектеп қауымдастығының барлық мүшелеріне (әкімшілік, педагогтер, білім

алушылар және олардың ата-аналары) жасалып:

1) білім беру процесін ақпараттық-әдістемелік қолдау, сонын ішінде оны ресурстық қамту мен жоспарлауды;

2) білім беру процесінің нәтижесін және барысын тиянақтау және мониторинг жүргізуді;

3) білім алушылардың денсаулығының мониторингісін;

4) ақпараттарды ұсыну мен сақтау, өңдеу, талдау, жинау, іздеу, құрудың заманауи тәртіптері;

5) барлық білім беру процесіне қатысушылардың (білім алушылар мен олардың ата-аналары (заңды өкілдері), педагог қызметкерлер, білім беру саласындағы басқару органдары, қоғамдастық қашықтықтан өзара әрекеттестігі, сонын ішінде қашықтан білім беру аясында;

6) білім беру ұйымдарының басқа да әлеуметтік салалары: өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жұмыспен қамту қызметтері, демалыс, спорт, денсаулық сақтау, қосымша білім беру ұйымдары, мәдениет мекемелерімен қашықтан өзара әрекеттестігін қамтамасыз етеді.

АКЖ негізгі қызметінің бірі білім беру процесін ұйымдастыру мен оны іске асырудың шарттарын, жоспарланған нәтижелеріне жету, негізгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға байланысты барлық білім беру процесіне қатысушыларын тұрақты түрде негізгі білім беру бағдарламаларын іске асыруды оқу-әдістемелік, ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады. Мектеп кітапханасын қызметінің білім беру процесін оқу-әдістемелік және ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету деңгейі біртіндеп мектептің ақпараттық-кітапханалық орталығына ауысатын жағдайына айналуға.

Мектеп кітапханасының қызметінде қорларды (ақпараттық-кітапханалық орталықтар) жинақтау бойынша екі құрауышты бөліп алуға болады:

1) баспа басылымдары қорын қалыптастырушы;

2) электрондық басылымдар қорын қалыптастырушы.

Сонымен бірге мектеп кітапханаларының оқу жоспарындағы барлық пәндерден электрондық баспа және ақпараттық-білім беру ресурстарымен: оқулықтар, сонын ішінде белгілі білім беру ұйымдарының оқыту тіліне қарай құрылтайшыларының жалпы білім берудің негізгі білім беру бағдарламалары, барлық оқу пәндерінен материалдар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, құрамдас бөліктері, қосымша әдебиеттер т.б. оқулықтардың электрондық қосымшалары мен толықтырылуы керек. Қосымша әдебиеттер қорына: отандық және шетелдік классикалық және заманауи көркем әдебиеттер; ғылыми-көпшілік және ғылыми-техникалық әдебиеттер, Бейнелеу өнері, музыка, дене шынықтыру мен спорт, қоршаған орта, жолда жүру ережесі қауіпсіздігі бойынша баспалар, анықтамалық-библиографиялық және мерзімді басылымдар, сөздіктер жинақтары, білім алушылардың кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі анықтау бойынша әдебиеттер жатады.

Заманауи электрондық білім беру контентінің маңызды сипаттамасына оны құрылымдау, біріктіру және ұсынудың әртүрлі тәсілдері мүмкін болатын әртүрлі ақпараттар түрлерінің синтезі ретінде түсіне отырып дыбыстық және

бейне, анимациялық, графикалық, мәтіндік ақпараттандыру оның мультимедиялылығына жатады [18].

Мектеп кітапханаларында білім беру ресурстарының баспа және оқу жоспарларының барлық оқу пәндерінен ЭБР (электрондық білім беру ресурстары) жинақталуы керек, сонымен қатар жалпы білім беруге арналған оқу бағдарламаларын қолдайтын балалардың баспа басылымдары, анықтамалық-библиографиялық, ғылыми-көпшілік, көркем әдебиеттері бар қосымша әдебиеттер қоры болуы керек. Мектеп кітапханалары республикалық және аймақтық ЭББР дерекқорларында орналастырылған баспа және электрондық білім беру ресурстарына қол жетімді болуы тиіс. Мектеп кітапханасының барлық бөлімдерінің электрондық қорында: электронды оқулықтар, құралдар, оқу-әдістемелік әдебиет, оқу бағдарламалары, биографиялық өлкетану басылымдары т.б. болады.

Егер мектеп кітапханасының қорларының ақпараттары неғұрлым кең алуан түрлі форматта болса, мектеп кітапханасының кітаптары (басқа да ресурстары) құнды болып келеді. Оқушылар мен мұғалімдер ақпараттық ресурстардың қайда орналасқанына қарамай (кітап сөресінде немесе электрондық тәртіпте) мектеп кітапханасының ресурстары білімді алудың жеке жүйесін қолдайтынына өздері еркін және сенімді сезінуі керек. Кітапхана – интернет немесе теледидардан алған ақпараттардың сапасын тексеру үшін заманауи анықтамалықтар мен кітаптарды қолдануға болатын, барлық көзқарастардың дұрыстығын ұсынатын орынның бірі болып табылады. Кітапханашы-педагог таңдалған немесе жоспарланған жобаларды орындау үшін бір немесе бірнеше пән мұғалімдерімен бірлесе жұмыс барысында пәнаралық тәсілдерді белсенді қолдана алады.

Электрондық білім беру ресурстары типтері:

- оқу материалы – есептер жинағы, зертханалық жаттығулар жұмысы, оқулықтар, оқу құралдары, тесттер, бақылау тапсырмалары, электрондық оқу курсы;

- оқу-әдістемелік материалдар – әдістемелік нұсқаулар, оқу бағдарламалары, оқу жоспары, сабақ жоспары;

- анықтамалық материалдар – дерекқорлар, сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар;

- иллюстрациялық және көрсету материалдары – атлас, карта, альбом, иллюстрация, көрнекі құралдар;

- қосымша ақпараттық материалдар – хрестоматия, ғылыми-көпшілік сипаттағы басылымдар, баспа басылымдары (кітаптар), ақпараттық-жарнамалық басылымдар; нормативтік құжаттар;

- ғылыми материалдар;

- электрондық мерзімді басылымдар;

- білім беру сайттары, бағдарламалық өнімдер – білім беру мекемелеріне арналған бағдарламалық кешендер);

- мақсатты тағайындаулар (ғылыми, ғылыми-көпшілік, өндірістік-тәжірибелік, нормативтік, оқу, саяси-бұқаралық, демалысқа арналған

анықтамалықтар, көркем әдебиет);

- білім беру процесінде орындалатын қызметтер (пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер; оқу бағдарламасы; хрестоматия; сөздік; анықтамалық; тәжірибелік жұмыс жинақтамасы – жаттығу сабақтары, тапсырмалар жинағы, зертханалық жұмыстар, виртуалды жаттығу жұмыстары, іскерлік ойындар; тесттер, тест тапсырмаларының жинағы; иллюстрациялық материалдар – аудиоқолдау, бейнекөріністер, анимациялық, слайдтар жинақтары; әдістемелік нұсқаулықтар; ғылыми-көпшілік басылымдар, ғылыми басылымдар);

- білім беру қызметінің түрі (дәрістік қолдаулар, жаттығу жұмыстарының қолдаулары, өздік жұмыс, қашықтықтан оқыту, электрондық оқыту (e-learning – электрондық оқыту жүйесі, электрондық оқыту, қашықтықтан оқыту, компьютердің көмегімен оқыту, желілік оқыту, виртуалды оқыту, ақпараттық, электрондық технологиялардың көмегімен оқыту), өзіндік білім алу, біліктілікті арттыру жүйесі және қысқа мерзімді курстардан);

- ақпараттарды ұсыну сипаты (мультимедиялық, бағдарламалық өнімдер, электрондық, мәтіндік, аудио, бейнелеу ұқсастығы мен баспа басылымдары).

Еліміздегі орта білім беру ұйымдарында 5-суретте көрсетілген негізгі категориялары ұсынылған бүгінгі таңда электрондық білім беру ресурстарының кең түрдегі спектріне қолжетімді болуы керек. Яғни, үздік білім ресурстары мен технологияларына білім беру процесінің барлық қатысушыларына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету. Мектеп кітапханасы онлайнрежимінде қызмет ету заманауи ақпараттық ресурстар қорына қолжетімділікті қамтамасыз етеді (5-сурет).




5-сурет – Электрондық білім беру ресурстары

Контент ретінде тек мәтіндік, гипермәтіндік және графикалық файлдарды ғана емес, әртүрлі файлдық форматтардың аудио, бейне, gif- және flash-анимацияларынды, 3D-графиктерді пайдалану мүмкіндігі қарастырылады.

Мектеп кітапханасы қызметінің негізгі бағыттары - кітапхана ісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде кітапхананың ақпараттық-кітапханалық үрдістерін автоматтандыру, электронды каталогтар дерекқорын үйлестіру, алдыңғы қатарлы кітапхана бағдарламаларының жұмыс жасауы мен отандық, әлемдік ақпараттық толықмәтінді ресурстарға кіру мүмкіндігін қамтамасыз ету, электронды кітапхананы құру. Яғни, ресурстарды қалыптастыру мен дамыту – мектеп кітапханасының басты бағыттарының бірі. Негізгі бағыттардың кешендері: қорлардың ғылыми-негізделген жинақтамалар, заманауи технологияларды жұмыста қолдану, іздеу аппараттары (электрондық каталог) арқылы қорларды ашып көрсету, ақпараттық ресурстардың сақталуын

қамтамасыз ету мектеп кітапханасына өз ресурстарын барынша дамыту мен қолдануға мүмкіндік береді. Мектеп кітапханасы оқу бағдарламаларының уақыт пен кеңістік бойынша орналасуына, сондай-ақ білім алушылардың мүмкіндіктерін шектейтін мүмкін болатын факторларға (организмнің шектелген қызметі, көрудің әлсіреуі) байланысты білім алушылардың оған қатынас құруына кедергі болмауы тиіс. Сондай-ақ, бағдарламалық жасақтаманың шектелген аясын қолдайтын «кешегі күннің» технологияларын пайдалану әлеуетті пайдаланушылардың аясын айтарлықтай тарылтады.



6-сурет – Мектеп кітапханашысының өзара әрекеттесуі (мұғалім, оқушы, қоғамдастық, ата-аналар және т.б.)

Мектеп кітапханашыларын өзара әрекеттесуін желілік қауымдастық, өз кеңістігін ашып өзіне керек ресурстарды жинақтай алатын Moodle ақпараттық жүйесі арқылы ұйымдастыруға болады. Moodle мектеп кітапханасының желілік өзара әрекеттесуін үшін барлық қажетті модулдермен камтиды: *аспаптық модуль* (веб-парақшалар жасау құралдары, курстың әртүрлі элементтерін бір-бірімен байланыстыратын сауалнамалар), *интерактивті модуль* (чат, веб-форум, «ішкі» электрондық жәшік қауымдастық, хабарландыру тақтасы, жеке парақшалар), *әкімшілік модуль* (қауымдастыққа қатысушылардың дерекқорлары, желіге қатысушылардың белсенділігін мониторингілеу құралы), *көрсету модуль* (жүйелер мүмкіндігін толыққанды пайдалану үшін желілік қауымдастық қатысушылары жұмыс істей алатын веб-оқулық), *мұрағаттық модуль* (қауымдастық мүшелері оқу мақсаты үшін пайдалана алатын анимациялық, графикалық, мәтіндік, бейне-аудиофайлдар және басқа да материалдар топтамасы). Moodle веб-технологияларды қолдану педагогтер мен кітапханашылардың ресурстарын біртұтас желіге біріктіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманда адамдар Интернет желісіне ұялы телефондар және портативті компьютерлер көмегімен кіріп, керек ақпаратқа қол жеткізе алады. Сондықтан да мектеп кітапханалары оқырмандардың сұраныстарын қаңағаттандыра алатындай заман ағымынан қалмай кітапханалардың қызмет көрсету жүйесін жетілдіріп отыруы қажет. Кітапханалар вар-онлайн каталогтарына, вар-деректер базасына, вар-энциклопедияларға, виртуалды анықтама қызметіне кітапхананың вар-сайты арқылы және вар-чат немесе sms көмегімен қол жеткізуді енгізу басты міндет (мысалы, пайдаланушылар ұялы телефон арқылы кітапхана сайтына кіріп, ОҚЖ-нің электрондық каталогының іздеу қызметін пайдалана алады). Бүгінгі күннің өзінде электрондық кітаптар баспа кітаптардың шрифтін, көркемделуін және стильдерін көшіріп алуына байланысты электрондық және баспадан шыққан кітаптарменқатар қызмет ете алады. Бұл оқырман қызығушылығын кітаптың екі түріне де еш төмендетпейді.

FlippingBook Publisher бағдарламасында толық мәтінді құжаттарды құру. Бірегей интерфейс, қолайлы навигация, ePad, Fb2, PDF, Epe форматтарында қолайлы етіп жасалған мәтіндер электрондық кітапхананы қолдануға мүмкіндік береді. *FlippingBook Publisher* – PDF форматындағы файлдар беттерін парақтап оқып отырғандай шынайы әсер қалдыратын, электрондық құжаттар, журналдар мен газеттер, қорлар мен көрсетілетін қызметтердің каталогтарын, буклеттер, тұсау кесерлер жасауға арналған бағдарлама. Электрондық басылымдарды онлайн түрде көру үшін сайтқа орналастыруға немесе CD және басқа ақпарат тасымалдағыштарға көшіруге болады. Кітаптардың кез-келген мобильдік құрылғылар (IPhone, IPad, Android құрылғылары) арқылы қарапайым және заманауи қалпында көруге болады.

Bluetooth, WAP, GPRS секілді байланыс түрлері ұялы телефондар көмегімен Интернеттің ақпараттық және қызмет көрсету ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Bluetooth (ағылш. Bluetooth – көк тіс) – радиомен тілдесу арқылы ақпарат алмасу технологияларының бірі. Ол 2,4 - 2,4835 GHz (ISM – Industrial, Science and Medical band, лицензиялау қажет емес диапазон) жиілік арасында 10 немесе 100 м (классына байланысты) арақашықтықта істейді.

WAP (Wireless Application Protocol) дегеніміз – тікелей ұялы телефондардан Интернеттің ақпараттық және сервистік ресурстарына сымсыз қол жеткізу хаттамасы. WAP-қызметтерін кез-келген тәулік мезгілінде, кез-келген жерде пайдалануға болады. WAP арқылы интернетте жұмыс істеу үшін қосымша құрылғылар (компьютер және модем) қажет емес, WAP қолдауы бар ұялы телефонның өзі жеткілікті болады. WAP-сайттар веб-серверлерде орналасады және ұялы телефондардың мүмкіншіліктеріне – яғни, кішкене экрандарға және шағын көлемдегі жадыға бейімделген арнайы форматта ұсынылады.

GPRS (General Packet Radio Service) дегеніміз – сымсыз деректерді беру. Tele2 абоненттеріне Интернетке жоғары жылдамдықпен қол жеткізуге мүмкіндік береді. GPRS пайдаланушылары сыммен қосылғандай тәртіпте, GPRS/GSM желісінің қамту шегінде Интернетке толық көлемде қол жеткізе алады. Яғни, GSM желісінің қамтуы бар болса, онда GPRS қамтуы да бар деген сөз. GPRS – Интернет-провайдерге қоңырау шалмастан және Интернетке қол жеткізуді сатып алмастан, қызметтерге лезде қол жеткізуді ұсынады. GPRS технологиясы толыққанды жүзеге асырудан әзірше алыстау болып қалып отыр. Бүгінгі таңда операторлар қысқартылған GPRS деп аталатын желісін ұсынады. Бұл жерде әңгіме тек В тобындағы ол да 4/1 немесе 4/2 режимінде жұмыс жасау мүмкіндігі бар телефондар туралы айтылуда.

EDGE (Enhanced Data rates for GSM Evolution) дегеніміз – 2G және 2.5G (GPRS) желілерінің үстінен қондырма ретінде жұмыс істейтін, ұялы байланысқа арналған сандық технология. Деректерді беру тәртіптемесінен шықпастан, телефонға қоңырау қабылдау мүмкіндігі бар. Тек берілген/алынған ақпараттың көлеміне ғана ақы төленеді. GPRS-те деректерді берудің ең жоғарғы болжанған жылдамдығы секундына 171,2 Кбитті құрайды. EDGE – деректерді беру жылдамдығын секундына 480 Кбитке дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Букридерлер (оқу залы) -барлық сызықтармен басқарылатын (смартфон – планшет – ноутбук), Google Books, Android жүйелеріне кіретін және Android операциялық жүйесімен басқарылады. Тегін GPL лицензиясында ашық бастапқы кодымен еркін бағдарлама Android және CoolReader 3 платформасы үшін электрондық кітаптарды оқудың ең үздік оқу залы.

Сондықтан да кітапханашылар міндетті түрде айналадағы ақпараттық-коммуникациялық ортада бағдарлана білулері тиіс. Өз оқырмандарымен коммуникация әдісі ретінде мобильді құрылғыларды зерттеу керек. Кітапханалық «қосымшалармен» немесе веб-сайттармен және т.б. жұмыс істей

білу қажет. Ресейдің Ғылыми-техникалық көпшілік кітапханасының директоры т.ғ.д., профессор Я.Л.Шрайберг «мобильді» термині заманауи библиобустар түсінігін білдіріп қана қоймай, мобильді телефония құралдары мен пайдаланушылар гаджеттері арқылы деректер базасы мен кітапханалық каталогтарға кіру мүмкіндігін де ұсынады» деген болатын [19]. Бұл жаңа үлгілерді іздеуге кітапханаларды жылжытудың келесі деңгейі, кітапханалардың жаңа коммуникациялық технологиялармен өзара қарым-қатынасы. Яғни, мобильді гаджет иесі кез келген уақытта қалаған кітапханасымен байланыса алады, немесе – Интернеттегі кітапханалық-ақпараттық ресурстарға қолжеткізіп, қажет болған жағдайда мәтіндерді жүктеп, өз мақсаттарына қолдана алады.

Ұялы байланыстың белсенді дамуы, IP мен ұялы телефония және ұялы дербес құрылғылардың кең таралуы, оқырмандарға ұялы технологияларды қолдану арқылы кітапханадан ақпараттарды алуға үлкен мүмкіндік береді. Көпшілік оқырмандар біртіндеп гаджеттерге өте бастады (букридерлер, смартфондар, планшеттер т.б.), ал ішінара біраз бөлігі дәстүрлі кітаптар кітапхана арқылы оқуды қалап отыр.

Мектепкітапханасы жоғарыда аталып кеткен барлық ресурстарға интернет желісіне қосылғанда ғана қол жеткізе алады. Кітапхана/медиатека кітапхана пайдаланушыларының ақпараттық қажеттіліктерін толтыруға арналған интернет-уәкілдікке ие бола алады. Бұл модель әртекті мамандар тобын басқаратын ауқымымен білім беру ресурстарының бірлестіктері: кітапханашы-библиограф, АКТ педагог, сондай-ақ сайтқұру ерекшелігін білетін жоғары сынып оқушылары. Осындай жұмыстың негізділігі мен мақсаттылығы, тиімділік, сапасы оқушылардың интернет-қызметінің мониторингісі арқылы байқалады.

Осыдан келесідей сұрақтар туындайды:

1. Интернетте ақпараттар табу мүмкіндігі бола тұра оқушылар көптеген деректерден өзіне қажетті деректерді қаншалықты алады?
2. Оқушылардың іздену, технологиялық дағдылары (ақпараттық сауаттылық) қаншалықты жетіледі?
3. Пайдаланушыларда қажетіден қажетсізді, жалғаннан сенімді (ақпараттарды бағалау және талдау) ақпараттарды ажырата алу қабілеттері артады ма?
4. Интернет ресурстар оқушылардың зерттеу жұмыстарын қаншалықты байытады және маңызды ма?

Жалпы білім беретін мектептерге толыққанды кітапхана/медиатекаға ие болу өте маңызды. Ол бүгінгі таңда өте маңызды міндеттерді шешеді:

- білім алушыларға, педагог қызметкерлерге, ата-аналарға – әртүрлі тасымалдағыштарда ақпараттық-кітапханалық ресурстарды пайдалану арқылы мәдени құндылықтар, идеялар, білім алу, білім беру процесіне қатысушылар ақпараттарға қол жеткізеді;

- ақпараттық-коммуникациялық ресурстарға тәуелсіз пайдаланушылардың

білім, білік, дағдыларын қалыптастырады;

- ыңғайлы кітапханалық ортаны қалыптастыру, ақпараттық-кітапханалық процестерді компьютерлендіру мен жаңа ақпараттық технологияларды енгізу негізінде кітапхана қызметкөрсетуін жетілдіруге жағдай жасайды.

5 Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы мектеп кітапханалары жүйесін жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Жаһандық ғаламданудың кеңеюі, ақпараттық технологиялардың өріс алуы, білім беру нәтижесіне халықаралық талаптардың күшеюіне байланысты Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Ұлтымыздың әлеуетін оятуға және оны жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды төңкеріс қажет», - депбарлық білім беру жүйесінің қарқынды дамуына, ертеңгі болашағына тұғыр боларлық міндет жүктеді.

Бүгінгі күндегі әмбебап мамандықтардың бірі – мектеп кітапханашысы. Мектеп кітапханашысы имиджі деген сұрақ бүгінгі күндегі аса өзекті мәселелердің қатарына жатады.

Имидж дегеніміз – адамның, мамандықтың келбеті, болмысы, бейнесі, көпшіліктің қабылдауы. Әлеуметтік желілерде жүргізілген кітапханашы қызметі туралы сауалнама нәтижелері бүгінгі күні мектеп кітапханашысының имиджін қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың қарқынды жүргізілуі қажеттілігін көрсетіп отыр. Мектеп кітапханашыларының жас ерекшелік тұрғысынан алып қарағанда, бұл қызметте қазір аға буын өкілдерінің басым екені белгілі. Қазіргі таңда бұл мамандық кең таралмаған, жастар арасында сұранысқа ие болмаған кәсіптің бірі. Кітапханалар жоғары және арнаулы орта кітапханалық кәсіби білімі бар жас кадрлардың жетіспеушілігінен таршылық көріп отыр. Мектеп кітапханасы қызметкерлерінің орташа жұмыс өтілі 10-нан 20 жылға дейінгі және 25 жылдан асқан қызметкерлердің үлесі басым. Соңғы уақыттарда мектеп кітапханашысы қызметіне мұғалімдік мамандықты аяқтаған мамандардың тартылып жатқаны да байқалады. Бұл қуанарлық жағдай. Ең күрделісі, жүрек қалауымен емес, сағаттың жоқтығынан осы қызметті атқарып отырғандығы байқалып отыр. Сондықтан мектеп кітапханашысы қызметінің мәртебесін арттырудың өзектілігі мен маңыздылығы арта түседі. Кітапханашы имиджі туралы жұмыстар 1990 жылдардан бастап жүргізіліп келе жатыр. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі әлі де мардымсыз, кітапханашы имиджінің көбінесе, физикалық көзқарастарға сәйкес қалыптасады. Мектеп кітапханашысын білімді адам ретінде қабылдағанымен, бірақ кітап қоймасының иесі ретінде қабылдайтын көзқарастар әлі де қалмаған. Бұған қоса мектеп кітапханашысының жалақысы да сын көтермейтіндей жағдайда. Сондықтан да бүгінгі күні білім мазмұны өзгеріп, қоғам түбегейлі жаңаруға бет алған кезеңде мектеп кітапханашысының да имиджін қалыптастыру маңыздылығы жаңа белеске көтеріледі. Мектеп кітапханашысының кәсіби құзырет аясын таразылайтын болсақ, ең алдымен, оның коммуникативтік құзыреттілігі туралы сөз қозғау керек. Мектеп кітапханашысы – педагог пен оқушының арасындағы бар кедергіні дәнекерлеуші, сол барьерді жоюшы, қарым-қатынастың жалғастырушысы. Бұл мектеп оқушыларының кітапханадан өзіне қажеттісін табуда ғана емес, тұлға ретінде жан-жақты ашылып, дамуына да ықпал етеді. Білім беру ұйымының басшысы мектеп кітапханасының оқулықтар қорын жасау мен оны уақытылы толықтыру жұмысын ұйымдастыруға жауап берсе, педагогикалық ұжым басшысының оқу-тәрбие

жұмысы жөніндегі орынбасары кітапханашымен бірлесіп білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқулықтарға ұқыптылықпен қарауын қалыптастыру жөніндегі қызметін бағыттайды, кезекті оқу-тәрбие процесін жоспарлау кезінде осы жұмысты жетілдіру шараларын көздеп, оның орындалуына жүйелі бақылауды қамтамасыз етеді. Мектеп кітапханашысының тағы бір құзыреті – менеджерлік бағдар. Менеджерлік жұмысты ұйымдастырып, үйлестіре білу мектеп кітапханашысының қызметін оң жолға ғана қоймай, мектеп кітапханасының ақпараттық орталыққа айналуына мүмкіндік береді. Соңғы технологиялардың тілін жетік білу, оны жұмыста тиімді пайдалана білу - кітапханашы қызметінің жарнамасы ғана емес, кітапхана арқылы жас ұрпақты тәрбиелеудің таптырмас құралы [20]. Мектеп кітапханашысының имиджін қалыптастыруда құзыреттіліктермен қатар, мектепішілік іс-шараларды ұйымдастырып өткізу де айтарлықтай рөл атқарады. Мектепішілік іс шараларды ұйымдастыруда кітапханашының атқаратын қызметі ұлан-ғайыр. Өткізілетін шараларды науқанға айналдырмай, оны мұқият зерттеп, зерделеп, жаңа серпін бере отырып өткізу кітапханашыдан асқан шеберлік пен көп ізденісті талап етеді. Мектепкітапханашысы соңғы уақытта кітап оқушылардың санының азайып кетуіне тікелей жауапты да болып табылады. Жауыр болған кітаптар көрмесінен басқа, кітапты насихаттайтын, оқырмандарды тартатын, ынталандыратын шаралардың тым аз өтетіндігі жасырын емес. Оқушылардың оқырмандық талғамын қалыптастыруда, оқырман мәдениетін дамытуда бір реттік шаралар аздық етеді. Осы бағыттағы жұмыстарды мектеп кітапханашысы жүйелі түрде үздіксіз жүргізіп отыру керек. Оқырмандық мәдениет пен талғамды қалыптастырудың перспективалы жоспарлары жасалып, заманауи технологияларды қолдана отырып өткізу көпшіліктің қызығушылығын тудырады сөзсіз. «Түнгі кітапхана», «Үнсіз кітап», «Отбасылық кітапхана», «Кел, сырласайық», «Кітаптар шеруі», «Кітап оқу сағатын» өткізу кітап оқушылардың санын арттыруға септігін тигізетіні анық. Мұндай іс шаралар кітапхана қызметін жандандырып қана қоймай, оның имиджін қалыптастыруға да негіз болады. Мектеп кітапханашысының үздіксіз біліктілік арттырып, соңғы жаңалықтармен таныс болуы да сондай маңызды. Бұл бағытта еліміздің әр өңірлерінде болып жататын маңызды семинарлар мен конференцияларға қатысу кітапханашы қызметіне тың серпін беретіні сөзсіз. Мектеп кітапханашысының қызметінде өзара тәжірибе алмасудың тамаша бір тәсілі ретінде корпоративті оқытудың мүмкіндіктерін айтуға болады. Корпоративті оқыту арқылы мектеп кітапханашысының кәсіби құзыреттілігін жетілдірудің, арттырудың маңызы зор. Бұл соңғы жаңалықтар мен өзгерістерден тыс қалмауға, солардан хабардар болуға, тәлімгерлік жасауға, өздігінен оқуға, бір-бірін оқытуға мүмкіндік береді. Бұл кітапхана менеджментін қалыптастыруға, дамытуға да ықпалын тигізеді. Кітапханашы имиджін қалыптастырудың маңызды бір факторы ретінде – білім саласындағы болып жатқан өзгерістерді айтуға болады. Бұл өзгерістермен қоса, кітапханашы мәртебесі де өзгеруі тиіс. Бүгінгі күні кітапханашысының жаңа имиджі, образы ретінде педагог кітапханашыны айтуға болады. Бұл - кітапханашының жаңа

мәртебесі ғана емес, әлеуметтің сұранысы, талабы. Себебі білім саласындағы өзгерістердің алдында мектеп кітапханашысы тұруы керек. Мектеп кітапханасы – бүкіл өзгерістердің негізі, діңіне айналуы тиіс. Пән мұғалімі бұл өзгерістерді тек өз пәні тұрғысынан көретін болса, мектеп кітапханашысы өзгерістерді әр қырынан көре алады. Сол себепті де пәндік интеграция кезінде де мектеп кітапханашысы пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, тұлғаны жан-жақты дамыта алады. Мектеп кітапханасы «өмір бойы оқу» парадигмасының негізін салушыға айналуы керек. Мектеп кітапханасы мен социумның әріптеске, өзара ынтымақтас серіктестерге айналуы да маңызды болып табылады. Бұл тұлғаның мектеп кітапханасы арқылы өмірлік дағдыларды қалыптастыруына, табысты өмір сүруіне негіз болады. Білім – болашақтың энергиясы, негізі. Бүгінгі күні сол білімнің негізін мектеп кітапханасында қалыптастырудың мол мүмкіндіктері бар. Мектеп кітапханасы – оқушының еркін даму аумағы, ол баға қоймайды, ештеңеге мәжбүрлемейді, ертеректе айтқандай тұлғаның «рухани жедел жәрдемі», рухани жан-дүниесінің емшісі. Ендеше, мектеп кітапханасының жұмысын осы бағытта ұйымдастырып, жүргізу де маңызды. Сондықтан да бізге тек кітапханашы емес, педагог-кітапханашы кәсіби шеберлігі қажет. Соңғы уақытта елімізде осындай педагог кітапханашылар санының артуы байқалады. Бұл әрине, тығырықтан шығар жол ретінде қабылданып отырғанымен, бүгінгі күні осындай педагог кітапханашысының кәсіби құзыреттің арттыру бағытында жұмыстар жүргізілуі керек. Мектеп кітапханасы медиотека, библиотека ғана емес, өмірдің мән, маңызын ұқтыратын мағыналы «текаға» айналу жауапкершілігін алып тұр. Мектеп кітапханашысы имиджі – қоғамның қарқынды дамуы алға шығарған бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Тарихи дамудың қай кезеңінде болмасын кітапханашы – білімді бойына жинап, таратушы адам ретінде танылып келеді. Өйткені, ол кітаптардың мазмұнымен, әртүрлі басылым түрлерімен белсенді жұмыс істейді, оқырмандарының жүрегіне жеткізеді. Алайда бүгінгі ақпарат көлемінің ұлғая түсуіне байланысты, барлық кітапханашылар бірдей білімді оқырманмен жұмыс істеуге қабілетті деп айта алмаймыз. Сондықтан кәсіби білімге деген мөлшердің өзіндік байсалды негізі бар. Кәсіби білімнің кітапхананың атқаратын қызметіне тікелей қатысы бар, өйткені кітапханашы әркез өз білімін көтеретін шараларға қатыспаса, ол өзінің кәсіби міндеттеріне этикалық тұрғыдан жауапкершілікпен қарамаса, өз айналасындағы болып жатқан құбылыстарға немқұрайлы қараса, бұның бәрі осы кітапхананың атқаратын қызметіне кері әсерін тигізеді. Бүгінгі күннің талабы – мектеп кітапханашылардың кәсіптік деңгейінің жоғарылығы. Мектеп Кітапханашысының білімін жетілдіру-жауапты міндеттің бірі. Ұйымдастырушы және тәрбиеленушілігімен қоса, олар жан-жақты кәсіптік деңгейдегі ғылыми біліктілігімен ерекшеленуі тиіс.

Мектептердің кітапханаларында «МАРК SQL», «КАБИС» (КАБИС жүйесі кітапханалық процесін кешенді автоматтандыруға және электрондық каталогтарды, сондай-ақ толық мәтінді деректер базасын құруға арналған) кітапханалық бағдарламасын қосу және онымен жұмыс жасаудың ерекшелігі,

кітапхана қорын толықтыру, есеп жүргізу әдістері, оқырмандармен жұмыс жасау барысында қажетті ақпарат көздерін тез таба білу, қазіргі заманғы жаңа технологиялармен жұмыс жасау, мектеп медиатекасы қызметін ұйымдастыру, медиатека базасында жобалау қызметі бойынша мектеп кітапхана жүйесін жетілдіру. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының берген ақпараттарына сүйенетін болсақ аймақтарда мектеп кітапхана ісінің осындай жаңа «МАРК SQL», «КАБИС» жүйелермен толығып, заман талабына сәйкес жұмыс істеп жатқаны қуантады. Бірақ өкінішке орай, әлі де осындай мектеп кітапханасы бағдарламалары санаулы өңірлерде ғана жұмыс істеп жатыр немесе баяу жұмыс жасайды.

Мектеп кітапханасында төмендегі тізімде көрсетілгендей кітаптар қорлары болуы тиіс: оқулықтар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, көркем әдебиеттер, анықтамалық әдебиеттер, танымдық әдебиеттер, электрондық басылымдар, электрондық ақпараттық ресурстар т.б. Әрине осы үлгідегі ғана мектеп кітапханасында кітап қоры болуы тиіс деген сөз емес. Кітап қоры жақсы қалыптасқан кітапханада, әр оқу жылында оқырмандар саны артып, оқуға деген сұраныстар күшейе түсері сөзсіз. Мектеп кітапханасы оқырманның сұраныстарын толық қанағаттандыра алады. Кітап қорында жоқ материалдарды, қосымша іздену мақсатында Интернет желісі қосылса артық болмас еді. Мектеп кітапханасы қазіргі заманға сай мектептің оқу тәрбие процесінің сұранымына толық жауап беруге тиісті. Электронды ақпараттану қарқынды дамыған кезеңде, кітап қоры электронды оқулықтармен (сыныптар бөлісінде пәндер бойынша) әр оқу жылында толықтырылып отырылуы қажет. Сондықтан әр мұғалім сабаққа пайдалана алады, ал оқушы пайдалануға кітапханада жағдай жасалады.

Заманауи технологиялық серпіліс дәуірінде кітапханашының ақпараттық желіден мәліметтерді іздеудегі көшбасшылығы, мектеп кітапханаларының веб-сайтын құру (дұрыс безендіру, сайтты ілгерілету), арнайы кәсіби сайттармен жұмыс жасау, әлеуметтік медиалардың кітапханаларда қолдану (әлеуметтік желілер, блогтар, фото-видеохостингтер, вики-технологиялар) және мультимедиялық қосымшалардың жаңа мүмкіншіліктерін пайдалануда білім беру ұйымдарындағы қазіргі кітапханашылардың орны мен рөлі зор болып табылады.

Виртуалды кітапхана құруда кітапханалар үшін ұсынымдар:

- өз мүмкіндіктерін шынайы бағалау;
- басқа мектеп кітапханаларының, веб-сайттарымен танысу және оның қызметкерлерінің ресімдеу тәжірибелері, мазмұнды жинақтау мен сайт бойынша іздеу жұмыстарын шығармашыл қолдану;
- сандық ресурстарды іріктеу саясатын әзірлеу;
- Интернет ресурстарына шолу журналдарымен танысу;
- беделді ресурстарға сілтеме деректері ретінде тақырыптық порталдарды (мәселен, Edna) қолдану;
- мұғалімдердің тақырыптық сілтемелерге тізімдерді толтыруға қатысуға түрткі болу;

– педагогтерге оның ресурстарын сабақта қолдануға көзін жеткізе отырып, мұғалімдер мен оқушылар арасында виртуалды мектеп кітапханасын насихаттау;

– кітапханашыға оқушылармен тікелей қарым-қатынаста нұқсансыз виртуалды кітапхананы жүргізу үшін уақыт қарастыру. Оқушының барлық қажеттіліктерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін Виртуалды мектеп кітапханасын жасауда педагог-кітапханашы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жақсы түсіне білу, оқытуды қолдау сапалы интерактивті ресурстарды таңдау мүмкіндігі болуы керек. Мектепте виртуалды кітапхананы табысты жұмыс істетуге ақпараттарды іздеу мен орналастыру үшін жана мүмкіндіктер ашады.

Білімалушылар мен мұғалімдерге қолдануға арналған мектеп кітапханасы қызметкерлері, халықаралық кітапханалық федерациялық қауымдастық пен мекемелер (ИФЛА) әзірлеген ұсынымдар:

1-ұсыным. Мектеп кітапханасының миссиясы мен міндеттері «БҰҰ Бала құқықтары туралы декларациясы», «БҰҰ Байырғы ұлттар туралы декларациясы» ИФЛА/ЮНЕСКО «Мектеп кітапханасы», құндылықтар мен манифест ұстанымдарымен нақты сәйкес келуі керек. Мектеп кітапханасы ресми мәлімденген құндылықтарды ұстануы керек.

2-ұсыным. Мектеп кітапханасының жетістікке жетуі, оның үш құрамдас бөліктерінің дамуы үшін нақты жоспарлары болуы керек: білікті кадрлар (мектеп кітапханашысы), мектептің оқу жоспарларын қолдайтын кітапхана қоры және мектеп кітапханасының перспективалық даму жоспарлары.

3-ұсыным. Мектеп кітапханасы мектеп қауымдастығының өзгермелі қажеттіліктерін қанағаттандыруда сенімді болуы үшін мектеп кітапханасы, сонымен қатар кітапхана қызметкерлерінің қызметін бағалау мен мониторингісі ұдайы жүргізілуі керек.

4-ұсыным. Мектеп кітапханасы, оның қызметі мен іс-әрекетінің бағдарламасы кітапханалық білімі бар кәсіби маманның қолында болуы керек.

5-ұсыным. Мектеп кітапханасының барлық қызметкерлері мектеп қауымдастығының ұлттық, этникалық және мәдени ерекшеліктерін ескеретін мектептің оқу жоспарына сәйкес сандық және оқу ресурстарын әзірлеуге тырысуы керек. Сонымен қатар тізімдеу және ресурстарды бірге пайдалану арқылы оқу-ақпараттық ресурстарына қол жетімділігін кеңейтуге тырысу.

6-ұсыным. Кітапхананың барлық оқу және техникалық құралдары, мектеп кітапханасы көрсететін қызметтер, қорлар, жабдықтар білім алушылар мен мұғалімдердің оқытудағы барлық дамыту қажеттіліктерін қолдауы керек.

7-ұсыным. Мектеп кітапханасы мен басқа да мемлекеттік және ғылыми кітапханалар арасында мұғалімдер мен білім алушыларға олардың ресурстары мен қызметіне қол жетімділігін кеңейту үшін байланыс болуы керек. Бұл олардың өмір бойы білім алу процесіне себептесуі керек.

8-ұсыным. Мектептің кітапханасында олардың қызметкерлерімен жүргізілетін негізгі оқыту іс-шаралары мұғалімдердің кәсіби дамуы мен технологиялар интеграциясы, БАҚ ынтымақтастық, кітап оқу, ақпараттық

сауаттылыққа бағытталуы керек.

9-ұсыным. Мектеп кітапханасымен ұсынылатын бағдарламалар мен қызметтерді кітапханашы мектеп директоры, директордың орынбасарлары, мұғалімдер, басқа да кітапханадағы әріптестері, сонымен қатар сол жерде тұратын халықтардың ұлттық-мәдени орталықтары уәкілдерімен ынтымақтастықта бірлесе әзірленуі керек. Бұл мектептің әлеуметтік-мәдени, оқу-тәрбие мақсаттары жетістіктерімен себептесетін болады.

10-ұсыным. Мектептегі оқыту процесін үнемі жақсарту үшін мектеп кітапханасының бағдарламасы мен қызметін жүзеге асыруда жинақталған практикалық тәжірибесін ескеру қажет.

11-ұсыным. Мектеп кітапханасы мен білім беру ұйымдарының әкімшілігі қызметіне қызығушылық танытатын қатысушылар және барлық пайдаланушылармен жоспарлы және жүйелі байланыстары болуы керек [21].

Өскелең ұрпаққа қазіргі заманғы білім беру мен тәрбиелеу жүйесінің міндеттеріне сәйкес келетін мектеп кітапханаларын әрі қарай дамыту үшін жоғарыдағы шаралардың қажет екендігін атап көрсетеміз.

Қорытынды

Кітапхана –ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей алып келе жатқан шырағы биік парасаттылық пен білімділіктің, байлық пен біліктіліктің киелі ордасы. Заманымыздың әр кезінде кітапханашы қызметі туралы ұғым жоғары болуы тиіс. Олай болса жоғарыдағы ойларымызды түйіндей келе, көп жылғы тәжірибесі бар кітапханашыларымыздың білімін жетілдіруіне, тереңдетуіне арналан кәсіби шеберлік жөніндегі байқау – слеттер өткізуге әдістемелік көмек, ал жас кітапханашы даярлау ісінде заман талабына сай мамандыққа баулудың ғылыми негізі қалануы қажет. Сонда ғана білгірлер мен ұлылардың өзі аңсап келетін білімнің қасиетті ордасы «кітапхана» мәңгі өмір сүреді.

Мектеп кітапханасының қызметі кітапханшылардың білімін жаңғырту олардың кәсіби шеберлігін ұдайы жетілдіріп отыру жолымен жүзеге асырылады. Кітапханашы өмір бойы оқуда, ізденісте болуы шарт. Ол – кәсіби міндеті. Себебі, кітапханаға түсетін әрбір жаңа ақпарат маманнан белсенді қабылдауды және оны іс-тәжірибеде қолдана білуді талап етеді.

Медиаорталықтар оқу залы, компьютерлік зона, оқушылардың жеке сұраныстары мен мектеп бағдарламасының мақсаттарына сай дәстүрлі және электронды тасымалдаушылардағы кең ауқымды қорымен қамтылу қажет. Сондықтан мектеп кітапханалары заманауи мектеп мекемелерінің білім берудегі басты бөлігі болып табылады. Сонымен қатар көптеген мектептерде кітапханашылардың мектеп директорының оқу-ақпараттық дереккөздер жөніндегі орынбасары атануы кездейсоқ емес [22].

Алайда, қаржылық және штаттық шектеулікте ғана мүмкіндігі бар кітапхана – жаппай ақпараттық қамтамасыз ету қызметін атқара алмайды. Бірқатар өңірлерде ақпараттық-кітапхана қызметі жетекші, негізгі бағыттарға жіктеле, сол бағыттар бойынша кітапхана тек өз мектебінде ғана емес, басқа да қалалық, аудандық білім беру мекемелерінің кітапханалары үшін де (білім беру қызметінің түрлі бағытында мектеп ақпараттық-кітапхана сүйенішінің профильді орталығы болды) нақты ақпараттық-кітапханалық орталыққа айналады.

